

#ӘділеттіҚазақстан

Негізгі мақсат – мемлекетімізді нығайту және халқымыздың әл-ауқатын арттыру. Мен Президент ретінде осы мақсаттарға жету үшін барлық күш-жігерімді саламын.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ТҮЛҒАТАНУ



ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМДЕР

6-7

ӨМІР-ӨНЕГЕ



«ЖАС БОЛСАҚ ТА, САНАЛЫ ҚАЗАҚ БОЛДЫҚ»

8-9

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



СОҒЫМ ШҮЙГІН БОЛСЫН!

24

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

5.01.2023

Түнде:



0, -2 °C

Көшпелі бұлтты, қар, тұман, көктайғақ.

Күндіз:



+3+5 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

6.01.2023

Түнде:



0, +2 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+3+5 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №1 (6294) 5 қаңтар, бейсенбі, 2023 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ЖАҢА ДӘУІРГЕ ҚАДАМ

Елімізде бірегей саяси реформалар жүзеге асырылды



Мемлекет басшысы Конституциялық Сот судьяларымен кездесті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл басынан қызметін бастаған Конституциялық Соттың жаңа әкімшілік ғимаратына барып, тағайындалған судьялармен кездесті. Президент Конституциялық Сот ел өмірінде айрықша рөл атқаратын орган екенін атап өтті.

3

ТАЗА ҚАЛА

ҚАҢТАР – ҚАРДЫҢ АЙЫ

Қала көшелерін тазалауға 524 арнайы техника мен 1240 жұмысшы жұмылдырылған



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматыда 4 қаңтарға қараған түні сағат 02.30-дан бастап қар жауа бастады.

4

ҚЫСҚА...

- Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті.
- Президент шахматтың блиц түрінен әйелдер арасында әлем чемпионы атанған даңқты шахматшы Бибисара Асаубаеваны құттықтады.
- Елде тәулік ішінде жолда қалған 690-нан астам адам құтқарылды.
- Қазақстанда зейнетақы мен жәрдемақы өсті.
- Қазақстанда киіктердің саны 1,3 млн басқа жетті.
- Ауа райының нашарлауына байланысты автожолдардың 72 учаскесі жабылды.
- Алматы тауларында қар көшкіні болды.
- Декларацияны тапсырудың жаңа сервисі іске қосылды.
- 1 қаңтардан бастап сайлау заңнамасы мен сайлау жүйесіне қатысты бірқатар жаңа өзгерістер күшіне енді.
- 2023 жылдан бастап аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың әкімдерін пилоттық режимде тікелей сайлау процесі өткізілетін болады.
- 350-ден астам ауыл, кент және ауылдық округ әкімдеріне тікелей сайлау өткізу көзделіп отыр.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқын жаңажылдық құттықтауында биыл ұлттың рухын көтеретін маңызды іс-шаралар өтетінін атап өтті.

«Біз келе жатқан Жаңа жылдан зор үміт күтеміз. Баршаңызға мәлім, әлемдегі ахуал аса күрделі. Соған қарамастан, келесі жыл еліміз үшін жемісті жыл болады деп сенеміз. Алдымызда ауқымды жұмыс тұр, көптеген жоспарымызды жүзеге асыруымыз керек. Негізгі мақсат – мемлекетімізді нығайту және халқымыздың әл-ауқатын арттыру. Мен Президент ретінде осы мақсаттарға жету үшін барлық күш-жігерімді саламын. Біз бір ел болып, бір халық болып, бірлесе еңбек етіп, Жаңа жылда жаңа табысқа жетеміз. Мен бұған кәміл сенемін. «Жақсылық бар жерде тапшылық болмайды» дейді халқымыз. Жаңа жылда баршамыз жақсылыққа ұмтылайық. Бір-бірімізге жанашыр, қамқор болайық. Ең бастысы, табанды еңбек етіп, елімізді бірге дамытайық. Жаңа жыл халқымыз үшін берекелі жыл болсын!», – деді Мемлекет басшысы.

■ ҮКІМЕТ

Әлихан Смайылов Премьер-Министр Кеңесін Үкімет Аппараты ретінде қайта құру, Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігін қайта ұйымдастыру, сондай-ақ салалық тұжырымдамалар мен даму жоспарларын әзірлеу мәселелері жөнінде кеңес өткізді, деп хабарлайды Primeminister.kz сайты.

Үкімет басшысы Премьер-Министр Кеңесін Үкімет аппараты ретінде қайта құру Мемлекет басшысы бастамашылық еткен институционалдық реформалардың маңызды элементі болып табылатынын атап өтті. Оның айтуынша, орталық және жергілікті атқарушы органдардың жұмысын, құрылымдық өзгерістерді жалпы үйлестіру күшейтіледі. Ол үшін аппараттың құрылымы мен оның қызметі онтайландырылады. Үкімет пен Премьер-Министрдің сараптамалық-талдамалық, ұйымдастырушылық-құқықтық қызметін қамтамасыз ету күшейтіледі. Аппарат Президент Әкімшілігімен бірлесіп шешім қабылдау рәсімдерін бюрократиядан арылту және шамадан тыс регламенттеуді жою жөніндегі жұмысты жалғастырады.

Үкіметтің 500-ден астам функциясы министрліктер мен әкімдіктерге берілмек. Сол арқылы министрлер мен олардың орынбасарларының дербестігі күшейтілмек. Енді барлық ағымдағы салалық мәселелер министрлердің бұйрықтарымен қабылданбақ.

Кенесі қорытындылай келе, Премьер-Министр Үкімет алдында экономиканың нақты мөңде 4%-ға өсуін қамтамасыз ету, инфляцияны 2 есеге 9,5%-ға дейін төмендету және 2023 жылы \$24,4 млрд көлемінде тікелей шетелдік инвестициялар тарту секілді маңызды міндеттер тұрғанын атап өтті.

«Біздің басты мақсатымыз – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының өсуін қамтамасыз ету, халықтың тұрмыс сапасы мен әл-ауқатын одан әрі арттыру. Сіздерден тиімді жұмыс және шешім қабылдауда үлкен жауапкершілік талап етіледі», – деп түйіндеді Әлихан Смайылов.

■ МИНИСТРЛІК

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда зейнетақы мен жәрдемақылардың барлық түрлерінің мөлшері өсті. Бұл 4,4 млн зейнетақы мен жәрдемақы алушыға әсер етеді. Осы мақсаттарға республикалық бюджетте 4,6 трлн теңге қарастырылған. Бұл туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Ынтымақты зейнетақы мөлшері инфляция деңгейінен 2%-ға артып көтерілді. Бұдан басқа, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес ынтымақты зейнетақыны есептеу үшін пайдаланылатын ең жоғары табыс мөлшері 46-дан 55 АЕК-ке дейін (158,7-ден 189,8 мың теңгеге дейін) ұлғайтылды. Нәтижесінде бюджеттен төленетін зейнетақы төлемдерінің ең төменгі мөлшері 68,2 мың теңгеден 77,4 мың теңгеге дейін өсті. Зейнетақының өсуі барлық 2,2 миллион зейнеткерге әсер етті.

■ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

Жаңа жылдан бастап ең төменгі күнкөріс деңгейінің ұлғаюына байланысты мүгедектік және асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін жәрдемақылардың мөлшері де артты. Айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінің ұлғаюына байланысты тағы да бірқатар жәрдемақылардың мөлшері өсті. Мәселен, жұмыс істейтін де, жұмыс істемейтін де әйелдерге бала тууға байланысты төленетін мемлекеттік қолдаудың мөлшері енді: бірінші, екінші және үшінші балаға 38 АЕК немесе 131 100 теңге (2022 жылы – 120 840 теңге), төртінші және одан да көп балаға – 63 АЕК немесе 217 350 теңгені (2022 жылы – 200 340 теңге) құрайды.

Республикалық бюджеттен жұмыс істемейтін ата-аналарға бала күтімі бойынша жәрдемақы тағайындалады, оның мөлшері АЕК өсуін ескере отырып, биылдан бастап 8,5%-ға өсті. Жұмыс істейтін ата-аналар бала күтімі бойынша әлеуметтік төлемдерді Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан алады. 2023 жылдан бастап Президент тапсырмасы бойынша бала күтімі бойынша төлем мерзімі бір жылдан бір жарым жылға дейін ұзарды. Мүгедектігі бар балаларды қолдау үшін Қазақстанда көмекке толғанға дейін арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төленеді. Оның мөлшері 2023 жылы 56 794 теңгені (бұрын 52 345 теңге) құрайды. Жаңа жылдан бастап көпбалалы отбасыларға арналған жәрдемақы мөлшері АЕК ұлғаюын ескере отырып өсті: 4 баласы бар отбасыларға ай сайын 55 304 теңге (бұрын 50 976 теңге), 5 балаға – 69 138 теңге (бұрын 63 728 теңге), 6 балаға – 82 973 теңге (бұрын 76 479 теңге), 7 балаға – 96 807 теңге (бұрын 89 231 теңге), 8 және одан көп бала болса әр балаға – 13 800 теңгеден (бұрын 12 720 теңге) беріледі.

2022: ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Барыс жылы несімен есте қалды?

Өткен жыл еліміз үшін түбегейлі бетбұрыс жылына айналды. Біз мемлекетімізді нығайтып, жаңару және жаңғыру жолына түстік. Атап айтқанда:

- Елімізде жалпыхалықтық референдум өтті, шын мәнінде жаңа Конституциямызды қабылдадық. Онда нағыз әділдік рухы көрініс тапты.
- Енді Президент 7 жылдық мерзімге бір рет қана сайланатын болды.
- Парламент жүйесінің реформасы басталды.
- Сайлау жүйесіне жаңа ережелер енгізілді. Президент сайлауы ашық және әділ өтті.
- Әкімшілік-аумақтық реформа жасалып, Абай, Ұлытау және Жетісу облыстары құрылды.
- Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысы өтті. Ең өзекті мәселелерді ауқымды диалог арқылы шешетін болдық.
- «Республика күніне» ұлттық мереке мәртебесі берілді.
- Балалар жылы 400 мыңға жуық сәби дүниеге келді.
- «Ұлттық қор – балаларға» бастамасы – өскелең ұрпақтың жарқын болашағы үшін жасалған өте маңызды қадам болды.
- 23 миллион тонна астық жиналды.
- Бос жатқан 5 миллион гектар жер мемлекетке қайтарылды.
- Бірнеше ірі өндіріс іске қосылды.
- Мыңдаған жаңа жұмыс орындары ашылды.
- «Қазақстан халқына» қоры құрылды, соның арқасында көптеген азаматқа нақты көмек көрсетіліп жатыр.

КЕЗДЕСУ

СЕНАТОРЛАР
АЛМАТЫЛЫҚТАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Мегаполиске Қазақстан Республикасы Сенатының бірқатар депутаттары жұмыс сапарымен келді. Олар шаһардың өзекті мәселелерін ортаға салды.

Достық үйінде ҚР Парламенті Сенатының депутаттары қалалық мәслихат депутаттарымен елімізде жүргізіліп жатқан кешенді демократиялық реформалар мен Қазақстанның саяси жүйесін қайта жаңғыртуды талқылады.

Кездесу барысында депутаттар Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» атты сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарына егжей-тегжейлі тоқталды. Жоспар шеңберінде Мәслихат тарапынан депутаттық корпустың белсенді және ашық жұмысын қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерін жұмсап, қала тұрғындарының сұраныстары мен уақыт талаптарын ескере отырып, бірқатар инновациялар енгізетін болады.

Мәслихат төрағасы Станислав Канкуров Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес мемлекеттік саясатты іске асыру, бюджет қаражатын тиімді жұмсалуды бақылау және қалалық бағдарламаларды орындауды қамтамасыз ету, азаматтардың ұсыныстарын қарастыру және проблемаларын шешу, қаланың жүйелік проблемаларын жою жөнінде ұсыныстар әзірлеу, мегаполисті одан әрі дамыту жөнінде бастамалар дайындау Мәслихат жұмысындағы басты басымдықтар болып табылатынын атап өтті.

Сондай-ақ, іс-шара барысында Алматы қаласының бірқатар экономикалық, әлеуметтік және экологиялық проблемалары талқыланды. Мәслихат депутаттары Сенат депу-

таттарына ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін бұқаралық спортты дамыту, дәрілік препараттарға бағаны төмендету, ақыл-есі кем балаларға мүгедектік тағайындау тетігін қайта қарау, шағын және орта бизнесті қолдау бағдарламасы туралы мәселелерді шешуде қолдау көрсету туралы өтінішпен жүгінді.

Естеріңізге сала кетейік, 2022 жылғы 22 желтоқсанда ҚР Парламенті Сенатының жалпы отырысында депутаттар «Агломерация-

ларды дамыту туралы» ҚР Заңын, сондай-ақ оған ілесіп түзетулер пакетін қабылдап, Президентке қол қоюға жолдаған болатын. Ағымдағы жылдың 1 қаңтарында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Агломерацияларды дамыту туралы» Заңға қол қойды. Осыған байланысты депутаттар еліміздегі ірі Алматы агломерациясын дамыту үшін Сенат пен Мәслихат депутаттарының күш-жігерін біріктірудің маңыздылығын атап өтті.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Нұртөре ЖҮСІП, ҚР Парламенті Сенатының депутаты:

– Қазіргі таңда Сенаттың да атқаратын өкілеттілігі күшейіп келеді. Жоғарғы палата өкілдері Алматы қалалық мәслихаты депутаттарымен жолығып, көптеген әлеуметтік, экологиялық, экономикалық мәселелерді ортаға салды. Бұл өте жақсы бастама деп ойлаймыз. Өйткені, қазір Парламентте депутаттардың бастамашылығымен заң жобасын даярлау жағы күшейді. Жақында ғана Мемлекет басшысы «Агломерация туралы» заңға қол қойды. Бұл дегеніміз, мегаполистің қарқын алуына септеседі. Сонымен бірге, іргелес жатқан елдімекеннің жағдайы, қарым-қатынас мәселесі, экология, оқу-ағарту бәрі кешенді түрде жоспарланатынының бір көрінісі. Яғни аталған проблемаларды қаржыландыру тетіктерін таба отырып, көп ұзатпай шешімі табылады деп білеміз. Алматылықтарды толғандыратын ойларды жадымызға тоқып, түртіп алдық. Алдағы уақытта депутаттық сауалдар, басқа да заң жобаларында айтылған ұсыныс пен пікірлердің шешу жолдарын қарастырамыз.



Динар НӨКЕТАЕВА, ҚР Парламенті Сенатының депутаты:

– Конституцияға енген өзгертулер мен толықтырулар нәтижесінде Парламенттің рөлі артты. Соның нәтижесінде азаматтардың құқығын қорғау тәсілдері жетілдірілді. Халықтың ел басқару ісіне қатысу мүмкіндіктері кеңейді. Ол өзгерістер жаңарудың басы ғана. Саяси реформалау одан әрі жалғаса береді.

Сенаттың атқарып, ел дамуының өркендеу жолында істеп келе жатқан ілкімді істері жетерлік. Өзім де осы бір қыруар шаруаның бел ортасында жүрмін. Алматы біз үшін ыстық. Осыдан тура 6 жыл бұрын депутат болып сайланған едім. Сол уақытта сайлаушылардың қолдауын сезіндім. Әлі де сезініп, соған сай істер атқарып келеміз. Сүйікті шаһарымыздың дамуы көз алдымызда. Қоян жылында татулық, ынтымақ, бірлік болсын!

● ДИАЛОГ АЛАҢЫ

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ
МАҢЫЗЫ АРТТЫ

Алматы қалалық Қоғамдық кеңесі төралқасының мүшелері Қазақстан Республикасы Сенатының депутаттарымен кездесті.

ҚР Парламенті Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіп жоғары палатаның атқарып жатқан жұмыстары туралы, қоғамдық кеңестердің институционалдық тұғырнамасы-

ның маңыздылығы туралы хабардар етті. Өз кезегінде қоғамдық кеңес мүшелері диалог алаңдары, қоғамдық мониторинг, қоғамдық тыңдаулар, тұрғындармен кездесу және денсаулық сақтау, медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, экология және көлік, спортты дамыту және басқа да іс-шаралардың нәтижелері бойынша ұсыныстар айтты. Қаладағы ШОБ субъектілері және жастар арасында есірткі тұтынуудың алдын алу бойынша шаралар кешенінің қа-

жеттілігінің жайы ортаға салынды. Сондай-ақ, қоғамдық кеңестің тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайлар туралы баяндалды.

Барлық айтылған ұсыныстар Қазақстан Республикасы Сенатының депутаттарымен талқыланды. Шара нәтижесінде тұрғындардың пікірін ескеру үшін аталған мәселелердің бір бөлігі Қоғамдық кеңестен Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына жіберілетін болады.

**Дайындаған
Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.**



● ПРЕЗИДЕНТ

ЖАҢА ДӘУІРГЕ ҚАДАМ

Елімізде бірегей саяси реформалар жүзеге асырылды



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТЫ

2023 жыл

Мемлекет басшысы Конституциялық Сот судьяларымен кездесті

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы бұған дейін 27 жыл бойы табысты жұмыс істеген Конституциялық Кеңес мүшелеріне және онда әр кезеңде еңбек еткен қызметкерлерге алғыс айтты.

— Бүгінде Қазақстан жаңа дәуірге қадам басты, бұрын-соңды болмаған бірегей саяси реформалар жүзеге асырылды. Қазіргі таңда дүние жүзінде дәл осындай ауқымды, мазмұнды реформалар жасап жатқан ел бірен-саран. Бұл — ақиқат. Мұны бүкіл әлем мойындап отыр. Қазақстан реформатор мемлекетке айналды. Жалпы, елімізде көптеген өзгеріс болып жатыр. Азаматтардың конституциялық құқығын қорғауға баса мән беріліп отыр. Бұл жұмысқа қоғам өкілдері белсене қатысуға ынталы. Сондықтан мен

Конституциялық Сот құру туралы бастама көтердім. Азаматтарымыз жалпыхалықтық референдумда осы және басқа да ұсыныстарға қолдау білдірді, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Конституциялық Сот барлық заңдар мен заңға сәйкес актілердің Конституцияға сәйкестігін қамтамасыз етуге тиіс екеніне тоқталды.

— Шын мәнінде, Конституциялық Сот — еліміз үшін өте маңызды институт. Енді азаматтарымыз Конституцияға қайшы келетін нормаларды заңсыз деп тану үшін Конституциялық сотқа тікелей өздері шағымдана алады. Сонымен қатар, Бас прокурор және Адам құқықтары жөніндегі уәкіл де Конституциялық Сотқа жүгінуге құқығы бар. Жалпы, Прокуратура, Сот, құқық қорғау органдарының жұмысына қойы-

латын талап айтарлықтай күшейеді. Конституциялық Сот депутаттардың және Үкіметтің заң шығару жұмысына оң ықпал етеді. Бір сөзбен айтқанда, Конституциялық Сот адам құқықтарын қорғау жүйесінің басты тірегіне айналады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қоғам Конституциялық Соттың қызметінен оң өзгерістер күтіп отырғанын айтқан Президент қазылардың өз міндетін адал атқаруы халықтың, БАҚ пен халықаралық құрылымдардың жігі назарында болатынын еске салды.

— Қазылардың осы құрамы мемлекеттік маңызы зор міндеттерін табысты атқарып, қоғам мен азаматтардың үмітін ақтайды деп санаймын. Конституциялық Сот құрамына белгілі құқықтанушы ғалымдар мен түрлі

салада көп жылдық тәжірибесі бар заңгерлер кірді. Нәтижесінде теория мен тәжірибе ұштасты. Конституциялық Сот төрағасы Эльвира Азимова ұзақ уақыт бойы әділет органында қызмет етті, адам құқығын қорғау мәселелерімен айналысты, сондай-ақ халықаралық аренада мемлекет мүддесін қорғады. Оның бұл тәжірибесі жаңа салада зор пайдасын тигізеді. Конституциялық Сот қызметінің нормативтік базасы мен ережелерін әзірлеу бойынша ауқымды жұмыс атқарылды. Енді Конституциялық Соттың қызметі барысында қажеттігіне қарай бұл базаны жетілдіру керек болатын шығар. Жалпы, жаңадан құрылған институт ел аумағында Ата Заңның үстемдігін қамтамасыз етуі үшін барлық жағдай жасалды, — деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, заң үстемдігі қағидатының мызғымастығы еліміздегі саяси реформалардың өзегі саналады. Жүргізіліп жатқан реформалардың саны жағынан, ең бастысы, мазмұны мен сапасы тұрғысынан Қазақстан әлемде көшбасшы елдердің қатарына кіретіні сөзсіз.

— Шын мәнінде, тек бытыр атқарылған жұмыстар біздің қоғамдағы өзгерістердің ауқымы мен тереңдігі туралы оң әсер қалдырмауы мүмкін емес. Қазақстан мемлекет ретінде айтарлықтай жаңғырды. Бұл деректі әлемдік қоғамдастық ашық мойындады. Оған көптеген халықаралық байланыс пен ең жоғары деңгейдегі кездесулер дәлел. Конституциялық Сот Әділетті Қазақстанның айнасы болады десек, артық айтқандық емес, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Жаңа, Әділетті Қазақстанның басты қағидаты — әділдік екеніне назар аударып, қазылардың осы маңызды міндетті абыроймен атқаратынына сенім білдірді.

— Халқымыз қара қылды қақ жарған қазыларға ерекше құрметпен, сыйластықпен қарайды, «тура биоде туған жоқ» деп судьяларға зор үміт артады. Әрбір шешім Ата Заңға сәйкес қабылдануға тиіс. Өйткені, бұл, ең алдымен, еліміздің тағдырына ықпал ететін шешімдер болмақ, — деді Президент.

Өз кезегінде Конституциялық Сот Төрағасы Эльвира Азимова Мемлекет басшысына жаңа орган қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттері туралы баяндады. Сондай-ақ, Конституциялық сот қоғам сұранысы және мемлекет қажеттілігін өтеу үшін аянбай еңбек ететініне сенім білдірді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● ТАҒАЙЫНДАУ

КАДРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

Жыл басы Үкіметтегі кадрлық өзгерістермен басталды

Мемлекет басшысының Жарлығымен Ғалымжан Қойшыбаев Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары — Үкімет Аппаратының Басшысы лауазымына тағайындалды. Президент сондай-ақ, өз Жарлықтарымен Зұлфия Сүлейменованы — ҚР Экология және табиғи ресурстар министрі, Ғани Бейсембаевты — Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі, Марат Қарабаевты — ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі, Асхат Ораловты — ҚР Мәдениет және спорт министрі, Азамат Есқараевты — Қазақстан Республикасының Әділет министрі лауазымдарына тағайындады.



Ғалымжан Қойшыбаев Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары — Үкімет Аппаратының Басшысы лауазымына тағайындалды.

**БЕС МИНИСТРЛІК
ҰЖЫМДАРЫНА
ЖАҢА БАСШЫЛАР
ТАНЫСТЫРЫЛДЫ**
Үкімет басшысы Әлихан Смайылов Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің ұжымына Марат Қарабаевты таныстыра отырып, оның жаңа технологиялар, индустрия

және инновациялық даму салаларында жұмыс тәжірибесі мол, өзін мақсатқа қол жеткізуде қажетті ресурстарды жұмылдыра алатын жоғары білікті маман ретінде көрсеткенін атап өтті.



«Мемлекет басшысы өңдеу өнеркәсібінің өсу қарқынын және қосымша құны жоғары қайта өңдеу өнімдерін шығаруды ынталандыру, сондай-ақ индустрияның базалық салаларын, логистикалық әлеуетті және көлік инфрақұрылымын дамыту жөнінде маңызды міндеттерді белгіледі», — деген Әлихан

Смайылов геологиялық саланы дамытуға және пайдалы қазбаларды барлау мен өндіруге инвестициялар тартуға ерекше назар аудару қажет екенін айтты.

Экология және табиғи ресурстар министрлігінің ұжымына Зұлфия Сүлейменованы таныстыра отырып, Премьер-Министр ве-



домство бұрынғы экологиялық мәселелерді, оның ішінде Арал теңізі мен Семей өңіріне қатысты мәселелерді шешу, сондай-ақ су ресурстарын басқару және

табиғат пен жануарлар әлемін қорғау жөніндегі міндеттерге қол жеткізу бойынша жұмысты жандандыруы тиіс екенін атап өтті.

«Ірі кәсіпорындардың зиянды қалдықтарын кезек-кезеңмен төмендетуге қол жеткізу және оларды жаңа технологияларды енгізуге ынталандыру қажет, өйткені бұл азаматтарымыздың денсаулығына тікелей байланысты», — деді Әлихан Смайылов.

Әділет министрлігінің ұжымымен кездесуде Премьер-Министр жаңа басшы Азамат Есқараев



пен ведомство қызметкерлері жакында қабылданған барлық заңдар бойынша заңға тәуелді актілерді әзірлеуді және осы мәселеде тиісті ведомстволарлық үйлестіруді қамтамасыз етуі тиіс екенін айтты.

Оның айтуынша, нормативтік-құқықтық актілерді сараптау сапасын арттыру, жалпы сарапшылар қоғамдастығымен белсенді өзара іс-қимыл жасау және

«модельдік» заңдар нысанында жаңа заңнамалық базаны қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру қажет. «Ел Президенті мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінде шешім қабылдау процесін жеделдету міндетін қойып отыр. Мұндай тәсіл қажетті әлеуметтік және экономикалық реформаларды жедел жүргізуге мүмкіндік береді», — деді Әлихан Смайылов.

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың алдын-



да тұрған басым міндеттерді атап өткен Үкімет басшысы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын сапалы іске асыру, оқу орындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, саланы оқыту мен цифрландырудың озық әдістемелерін енгізу қажеттігіне назар аударды.

Оның айтуынша, мектепке дейінгі және мектептен тыс, кәсіптік білім беру жүйесін одан әрі дамыту қажет. «Білім берудің бастапқы кезеңдерінде адами капиталдың және тұтастай мемлекетіміздің одан әрі дамуының негізі қаланады. Үкімет тарапынан білім беру саласына көп көңіл

бөлінеді: мұғалімдердің жалақысы көтерілуде, жаңа мектептер мен балабақшалар ашылуда, оқытудың заманауи форматтары енгізіліп жатыр. Біз саланың барлық проблемалық мәселелерін жоспарлы түрде қарап, шешім қабылдауды жоспарламыз», — деп Әлихан Смайылов бұрынғы оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетовке атқарған жұмысы үшін алғыс білдірді.

Мәдениет және спорт министрлігінің ұжымына жаңа басшы Асхат Ораловты таныстыра отырып, Үкімет басшысы ведомствоның басым міндеттері Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын сақтау және дәріптеу, республиканың халықаралық аренадағы беделін арттыру, сондай-ақ спортты дамыту тәсілдерін өзгерту болып табылатынын атап өтті.



«Бұқаралық спортты дамытуға баса назар аударып, кәсіби спортшылардың жаңа буынын даярлау деңгейін көтеруге керек. Барлық күш-жігер осыған жұмсалуды тиіс», — деді Әлихан Смайылов.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ТАЗА ҚАЛА

ҚАҢТАР – ҚАРДЫҢ АЙЫ...

Қала көшелерін тазалауға 524 арнайы техника мен 1240 жұмысшы жұмылдырылған



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

(Басы 1-бетте)

Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы қызметкерлерінің мәліметінше, қардың қалыңдығы таңғы сағат 08.00-ге дейін таулы аймақтарда – 15–18, қалада – 10, ал «Шымбұлақта» 60 см-ге жеткен.

Синоптиктердің ескертуімен қар жауа бастағанға дейін қаланың барлық аудандарында құмшашқыш машиналардың кезекшілігі ұйымдастырылды. Көшелерге көктайғаққа қарсы материалдар себіліп жатыр, 2274 тонна материал пайдаланылды.

Тротуарларды, қоғамдық көлік аялдамаларын, жаяу жүргіншілер жолын, көлік тұрақтары мен қоғамдық орындарды тазалау жұмыстары жүргізілуде.

Таңғы 06.00-ден бастап патрульдік полицияның

көмегімен қар тазалаушы көліктерден 17 колонна іске кірісті. 32 қар тасымалдаушы көлік пен 70 самосвалдың көмегімен қар шығарылып жатыр.

Түнгі уақытта 516 арнайы техника, оның ішінде 152 құмшашқыш, 204 тазалаушы техника мен 367 жұмысшы тазалау жұмыстарын жүргізді. Таңнан бері қала көшелерінде 524 арнайы техника мен 1240 жұмысшы қызмет етуде.

Аудандық әкімдіктер мен мердігер ұйымдарда жұмыстарды жүргізу бойынша тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылды.

«Қазгидромет» РМК болжамына сәйкес 4 қаңтар күні күндіз қалада ауа температурасы 2–4°C құрайтын болады, қар жауып, 2–7 м/с жылдамдықтағы жел тұрады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БРИФИНГ

КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ БИЗНЕС

Алматыда ШОБ көлемі 30%-ға өсті

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бұл туралы Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасының директоры Айтуар Қошмамбетов Өңірлік коммуникациялар қызметі брифингінде айтты.



Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес, тіркелген ШОК субъектілерінің саны бойынша Алматы көш бастап тұр. «Мегаполисте» 343 мың субъекті болса, оның 277 мыңы ғана жұмыс істейді. Өткен жылмен салыстырғанда өсім 30 пайызды құраған», – деді Айтуар Қошмамбетов.

ӨКҚ спикерінің айтуынша, жалпы 2022 жыл отандық бизнес үшін, әсіресе алматылық кәсіпкерлер үшін оңай болмады. Өйткені, Алматыда жыл басында орын алған қаңтар оқиғасы әлі ұмытыла қойған жоқ. Оның кәсіпкерлерге тигізген әсері әлі де бар.

«Жағдай қалыпқа келтірілгеннен кейін біз жедел желі ашып, бизнестің қалай және қандай көлемде зардап шеккені туралы ақпарат жинауды бастадық. 2000-нан астам қоңырау келіп түсті. Алматыда зардап шеккен 2 мыңға жуық кәсіпкерлік субъектісі анықталды. Олардың есептеулері бойынша жалпы шығын көлемі 94,8 млрд теңгеден асқан», – деп жалғастырды А.Қошмамбетов.

Биылғы жылы «Атамекен» ҰКП бастамасымен Мемлекет басшысының жаппай тәртіпсіздіктер мен морадерліктен шағын және орта бизнеске келтірілген залалды өтеу бастамасын қолдап, нәтижесінде бизнес қауымдастықтың ұсыныстарын ескеретін механизм әзірленді.

Қолдау мен көмек

Өтіп бара жатқан жылдың ішінде келтірілген залалды өтеу жөніндегі комиссияның 40 отырысы өткізіліп, «InfoKazakhstan» порталына түскен барлық өтініштер қаралды.

16 миллиард 189 миллион теңгеге 1640 өтінім қолдау тапты. Оның ішінде «Жаңа Алатау» қорынан – 1294,8 млн теңгеге 636 өтінім, бюджет қаражаты есебінен – 14 млрд 894 млн теңгеге 1004 өтінім.

Алматыда қаңтар оқиғасына

байланысты зардап шеккен ШОБ субъектілеріне көмек көрсетуге дайын Еріктілер реестрі құрылды, 1000 адамға дейін аудиториясы бар «kushimiz_birlikte» Instagram парақшасы ашылды. Instagram желісіндегі «kushimiz_birlikte» парақшасы арқылы қаңтар оқиғасынан зардап шеккен ШОБ 9 кәсіпкерге көмек көрсетілді. Жалпы алғанда, қаңтар оқиғасынан 67 ірі бизнес субъектісі зардап шекті, оның 62-сі Алматыға тиесілі.

Алматының Кәсіпкерлер палатасы биыл 870-тер астам өтінімді бизнесмендер пайдасына шешті.

Брифинг барысында Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасының директоры Айтуар Қошмамбетов биыл Алматының Өңірлік палатасына 1723 өтініш түскенін айтты. Оның ішінде 872-сі кәсіпкерлердің пайдасына шешілді, қалғаны бойынша түсініктемелер берілді. Яғни өтініштердің 83 пайызға жуығы оң шешімін тапты. Палата сарапшылары 36 сот ісіне қатысып, 39,4 млрд теңге сомаға кәсіпкерлердің құқығын қорғады.

Айтуар Қошмамбетовтың айтуынша, келіп түскен арыз-шағымдардың басым бөлігі салық органдарының іс-әрекетіне (241 немесе 14%), сондай-ақ мемлекеттік органдардың бақылау-қадағалау әрекеттеріне қатысты шағымдар (224 немесе 13%). Өтініштер жер пайдалану, құрылыс, мемлекеттік сатып алу, материалдық-техникалық қамтамасыз ету және кәсіпкерлік құқық субъектілері арасындағы даулар бойынша бірдей түсті.

ҚАУІП ҚАЙДАН?



АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

Алматы тауларында қар көшкіні болды

Алматыға қалың қар жауды. Таулы аймақтарда қар одан да қалың түсті. Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің мәлімдеуінше, Кіші Алматы бассейніндегі Эдельвейс шыңы ауданында көлемі 700 текше метрге жуық қар көшкіні жүрді. Түскен қар массасы «Шымбұлақ-Тұйық су» жолына тоқтап, жолды жауып тастады. Зардап шеккендер жоқ. Автожолды тазалау Қазселденқорғау күштерімен жүргізілді.

Төтеншеліктер Алматы тауларында – Үлкен және Кіші Алматы өзендерінің бассейндерінде жауын-шашынның түсуіне және қар жамылғысының тұрақсыз жағдайына байланысты қар көшкіні әлі де болуы мүмкін екенін ескертеді. Сондықтан құтқарушылар қала тұрғындары мен туристерден қар көшкініне байланысты тауға барудан бас тартуды сұрайды.

Қазіргі таңда халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Үлкен Алматы көлі мен Шымбұлаққа апаратын жолдар уақытша жабылып, блок-посттар қойылды.

Жалпы, Алматы өңірі бойынша 165 көшкін қаупін тудыруы мүмкін учаскелер бар. Олардың ішінде қала тұрғындары мен туристері үшін ең үлкен қауіп «Медве», «Шымбұлақ» ТШК және Үлкен Алматы көлі ауданында орналасқан 18 көшкін қаупі бар учаске болып саналады.

Қ.ЖҰМАДІЛОВА.

ІС-ШАРА



«Жанұяның» қуанышы

Рая
ЕСКЕНДІР

Жаңа жылды балалардың ерекше жақсы көріп, асығып тосатыны белгілі. Өзге балалар сияқты қаламыздағы «Жанұя» кешенінде тәрбиеленіп жатқан 83 бала да бұл күнді асыға күтіп, тағатсыздана тосты.

Оқуда озат, жоғары үлгерімді балалар Мемлекет басшысының шырша-сына шақырту алып, қуанышқа кенелді. Үлкен зәулім сарайда өздері көріп, куә болған жаңажылдық таңғажайып оқиғалар туралы өзге балалармен бөлісті.

«Жанұяның» қонақжай шаңырағында қала әкімінің атынан жаңажылдық шырша өтіп, мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Қалалық Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаева арнайы келіп, шаһар басшысының құттықтауын жеткізді. Балаларға жаңажылдық сый-сияпат пен тартуларды үлестіріп, қуанышқа кенелтті.

«Жанұяның» балалары үшін биылғы жаңа жыл қызыққа, тосын сый мен әдемі әсерге толы болып басталды. Күн сайын қалалық басқармалар, Қорғаншылар кеңесі балаларды құттықтап келіп жатыр. Қазір қысқы демалыс уақыты болғандықтан, «Жанұядағы» жаңажылдық мерекелер шеруі жалғасып жатыр.



БРИФИНГ

ЖАҢА ЖЫЛДЫ ҚАЛАЙ ҚАРСЫ АЛДЫҚ?

Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңы ұйымдастырған жаңа жылдың алғашқы брифингіне қатысқан спикерлер жаңажылдық мерекенің қалай өткені туралы айтты.



Нұржамал
ӘЛШЕВА



Шырша да, мұз айдыны да бақылауда

Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаменті мемлекеттік өрт бақылау басқармасының басшысы Данияр Жүсіпов өрттің алдын алу, сондай-ақ пиротехникалық бұйымдарды пайдалану кезінде қайғылы жағдайларды болдырмау мақсатында азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар кешені өткізілгенін атап өтті.

Департамент жаңажылдық мереке қарсаңында адамдардың қауіпсіздігі үшін кісі аяғы көп жиналатын нысандардың алдына, ішіне орнатылған 72 шыршаны есепке алған екен. Сондай-ақ, жаппай сырғанау үшін ашылған 14 мұз айдыны да назарға алынып, оның меншік иелерімен өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігі туралы профилактикалық әңгімелер жүргізілген.

Спикердің айтуынша, «Пиротехника» атты жедел-алдын алу іс-шарасы аясында

Алматы қаласы ТЖД және ПД қызметкерлері пиротехникалық бұйымдарды өткізу орындары бойынша рейдтік іс-шаралар өткізуде. Пиротехникалық бұйымдарды сату ережелерін бұзған 50 адамға әкімшілік жаза қабылданған. ҚР заңнамасының талаптарына сай келмейтін 603 данадан астам пиротехникалық бұйым тәркіленген.

Мереке қарсаңында департамент қызметкерлері пиротехникалық бұйымдарды сатушылармен профилактикалық әңгімелер жүргізіліп, пиротехникалық бұйымдарды сақтау және пайдалану кезіндегі өрт қауіпсіздігі талаптары да түсіндірілді.

Сондай-ақ, департамент өкілдері қаланың медиаборттарында, сауда үйлерінің, емханалардың, ХҚКО-лардың және т.б. мекемелердің LED-экрандарында ақпараттық бейнероликтерді үзбей беріп отырған. Қаланың барлық жалпы білім беретін мек-

тептері мен мектепке дейінгі мекемелерінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған сынып сағаттары мен сабақтар ұйымдастырылған.

Осылайша қабылданған, атқарылған жүйелі іс-шаралар нәтижесінде пиротехникалық заттардан болған өрттің саны жылдағыдан 3 есеге дейін азайған. Жаңа жыл мерекесінде 5 өрт жағдайы тіркелген болса, оның 1-еуі пиротехникалық заттың себебінен орын алған. Ал былтыр бұл тұрғыда 10 өрт оқиғасы тіркеліп, оның 3-еуі пиротехникадан тұтанған болатын.

Пиротехникалық бұйымдарды пайдалану кезінде жарақат алғандардың саны да 3 есеге азайған. Осындай заттарды тұтату кезінде абайсызда күйіп қалған 13 адам (оның 3-еуі бала) медициналық мекемелерге көмек сұрап жүтінген. Ауруханаға 11 адам жатқызылған. Ал өткен жылдың осы кезеңінде пиротехникалық бұйымдардан 39 адам (оның 29-ы бала) зардап шеккен болатын.



Ұрылар ізі суымай қолға түсті

Брифингте сөз алған Алматы қаласы Полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасы басшысының орынбасары Диас Дуанбеков өткен мереке күн-

дерінде мегаполисте криминогендік жағдайдың тұрақты болғанын атап өтті.

Жалпы, 2022 жылдың 25 желтоқсанынан бастап қалада «Құқықтық тәртіп» же-

дел-алдын алу іс-шарасы өткізілген. ПД қызметтері мен бөлімшелерінің жеке құрамы қызметтің күшейтілген режиміне ауыстырылған. Патрульдік полиция жасақтары да күшейтілді, жаяу патрульдік бағыттар әзірленген. Қоғамдық орындарға, мерекелік және ойын-сауық іс-шаралары өтетін нысандарға ерекше назар аударылған. Спикердің сөзінше, үлкен мереке қарсаңында жедел қабылданған осындай іс-шаралардың нәтижесінде ауыр қылмыстар орын алған жоқ.

«Негізінен жаңажылдық мерекеде ұрлық-қарлық көбірек тіркелді. 2022 жылдың 31 желтоқсаны мен 2023 жылдың 3 қаңтары аралығында қалада 30 бөтеннің мүлкін ұрлау дерегі тіркеліп, оның 24-і ізі суымай жедел ашылған. Сонымен қатар, бұл күндері қалада 2 бұзақылық, 1 тонау орын алды. Күдіктілер қылмыс орнында ұсталды. Сондай-ақ, 2 есірткі қылмысы анықталды. Жалпы, қаладағы жағдай тұрақты және бақылауда», – дейді Диас Дуанбеков.

Үш әйелді үйінде босандырып алған

Алматы қаласы Жедел медициналық жәрдем қызметі директорының орынбасары Андрей Ложкин мереке күндері жедел жәрдем қызметі де күшейтілген штаттық режимде жұмыс істегенін атап өтті. Басаяғы 217 бригада жұмыс істеген. Оның 186-сы жедел медициналық көмек бригадасы және емханалар жанындағы 31 жедел медициналық көмек бригадасы.

Күн сайын тұрғындардан 3000-ға жуық қонауға түсіп отырған. Олардың шамамен 30%-ы инфекциялық аурулармен байланысты. Ал оның ішінде 50%-дан астамы балалар екен.

Жедел жәрдем қызметін жазатайым оқиғаларға ұшырап шақыртқандар шамамен 10%-ды құраған. Мереке күндері Алматыда жедел жәрдем қызметкерлері үш



әйелді үйінде босандырып алған. Сосын дереу перзентханаға жеткізіп салған.

2 қаңтар күні Төтенше жағдайлар желісіне турбуленттілік аймаққа тап болған Ташкент–Алматы рейсімен ұшып келе жатқан ұшақтың шұғыл қонуға мәжбүр



болғаны және онда зардап шеккен 5 адамның бары туралы хабарлама келіп түскен. Басы, аяқ-қолы жарақаттанған екі Озбекстан азаматын жедел жәрдем бригадалары ауруханаға шұғыл жеткізген, ал үш жолаушы медициналық көмектен бас тартқан.

КӘСІП

«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ 2030 жылға дейін сұраныста болатын ТОП–25 кәсіпті анықтады.

СҰРАНЫСҚА ИЕ МАМАНДЫҚТАР

«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ дайындаған 2023–2030 жылдарға арналған кадрларға қажеттіліктің орта мерзімді болжамы негізінде сарапшылар таяу жылдары неғұрлым талап етілетін қызметтердің ТОП-25 тобын анықтады. Олар:

1. Бухгалтерлер – 92 мың адам;
2. Күзетшілер, инкассаторлар және соған байланысты кәсіптер – 77,8 мың адам;
3. Дүкен сатушылары мен олардың көмекшілері – 70,2 мың адам;
4. Әлеуметтік ғылымдар бойынша орта мектеп мұғалімдері – 45,2 мың адам;
5. Автокөлік жүргізушілері мен шоғырлар – 45,1 мың адам;
6. Күтім бойынша орташа медициналық персонал – 40 мың адам;
7. Жаратылыстану ғылымдары бойынша орта мектеп мұғалімдері – 37,9 мың адам;
8. Мектепке дейінгі білім беретін тәрбиешілер – 36,1 мың адам;
9. Қонақүйлер мен осыған ұқсас мекемелердегі тазалаушылар мен қызметшілер – 34,6 мың адам;
10. Бастауыш сынып мұғалімдері – 32,3 мың адам;



11. Кеңселердегі тазалаушылар – 25,3 мың адам;
12. Паштараздар – 24,6 мың адам;
13. Орта мектеп мұғалімдері – 23,2 мың адам;
14. Кеңсе қызметкерлері (жалпы бейіні) – 22,1 мың адам;
15. Көшелер мен базарлардағы саудагерлер – 21,7 мың адам;
16. Ғимараттарды қараушылар және күзетшілер – 20,6 мың адам;
17. Аспаздар – 20,5 мың адам;
18. Басқа біліктілігі жоқ жұмысшылар – 20,2 мың адам;
19. Аралас өнім өндіретін фермерлер мен жұмысшылар – 19,8 мың адам;
20. Дәстүрлі тәсілмен көкөніс өсіретін фермерлер мен жұмысшылар – 19,6 мың адам;
21. Жүк көлігінің жүргізушілері – 17,8 мың адам;
22. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде біліктілігі жоқ жұмысшылар – 16,6 мың адам;
23. Аула сыпырушылар және ашық аумақтарды тазалаушылар – 16,5 мың адам;
24. Жылжымайтын мүлікпен және басқа да мүлікпен операциялар жөніндегі агенттер – 16,2 мың адам;
25. Штаттағы заңгерлер – 15,2 мың адам.

«Егер жиынтық көрсеткішке қарасақ, білім беру саласындағы кәсіби мамандар – барлық қажеттіліктің 12,5%, жылжымалы жабдықтың жүргізушілері мен операторлары – 8,2%, бизнес және әкімшілендіру саласындағы кәсіби мамандар – 6,8%, азаматтар мен меншікті қорғауды жүзеге асыратын қызметтердің қызметкерлері – 5,3%, тазалаушылар мен қызметшілер – 5,1% сұранысқа көп ие болатынын атап өтуге болады», – деді ЕРДО Болжау департаменті директорының орынбасары Қайырбек Аяшев.

Ең аз қажеттілік «Әкімшілік саласындағы басқа қызметкерлер», «Жеке тұтыну үшін өнім өндіретін ауыл шаруашылығы, балық аулау және балық өсіру шаруашылығы фермерлері», «Қолөнершілер, дәл құралдар, полиграфия және картография бойынша жұмысшылар», «Өнімді жинаушылар мен сынаушылар» және «Аңшылар мен орман және балық өнімдері өндірісінің жұмысшылары» топтарында күтіледі. Болжам бойынша, жоғарыда аталған барлық мамандарға сұраныс 2030 жылға дейін шамамен 10,5 мың адамды құрайды.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.



ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМДЕР

ҰРПАҚ ҰЛЫҚТАП

Міне, кешегі жылды тарих қойнауына тапсырып, жаңа жылды қарсы алдық. Кім-кім де жаңа жылды қарсы алып тұрып, өткен жылға есеп береді. Ал еліміз үшін орны бөлек тұлғалардың мерейтойы өте көп болды. Және олар жоғары деңгейде ұлықталды. Себебі, ел үшін, жер үшін еңбек еткен азаматтарды ұрпақ ұмытпауға тиіс. Солардың бір парасын тізіп көрейік.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – 150



ҰЛТ ҰСТАЗЫ

Орда өкіметінің мүшесі, ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, педагог, аудармашы, төл әліппеміздің тұңғыш авторы, тұңғыш терминолог, тұңғыш фонетик, тұңғыш лексиколог, тұңғыш әдебиеттанушы, тұңғыш публицист.

Мерейтой аясында Ақаңның туған жерінде Музей үйі және жаңадан кесене салынды. Торғайда Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының жаңа ескерткіші орнатылды. Қос қайраткердің атындағы әдеби музейі жөндеуден өтті, экспозициясы толығымен жаңартылды. Мерейтой аясында Елордада, Алматыда және басқа да өңірлерде ұлт қайраткерінің еңселі ескерткіші орнатылды. Ахмет Байтұрсынұлының 12 томдық шығармалар жинағы басып шығарылып, таңдамалы еңбектері 4 тілде жарық көрді.

Қостанай қаласындағы әуежайға Ахмет Байтұрсынұлының есімі берілді. Алты сериядан тұратын «Ұлт ұстазы» телехикаясы көрермен назарына ұсынылды.

Жыл басынан бері Ахмет Байтұрсынұлының есімі республика өңірлерінде ауылға, 200-ден астам көшеге және 39 мектепке, 1 музейге берілген.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысымен Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтті.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, қоғам және мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш

МҰХТАР ӘУЕЗОВ – 125

ЗАҢҒАР ЖАЗУШЫ



Әйгілі «Абай жолы» роман-эпопеясын өмірге әкелген Мұхтар Әуезов ата-анасынан ерте айырылып, ағасы Қасымбектің қолында тәрбиеленеді. Оның отбасы қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың отбасымен

туыстық қатынаста болған. Он алты жасында Абай өлеңдерін жатқа айтқан.

Мұхтар Әуезовтің алғашқы шығармасы – «Дауыл». Ал ең алғашқы пьесасы – «Еңлік-Кебек». Семей қалалық мұғалімдер семинариясында оқып жүріп Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жолсыз жаза» дастаны негізінде «Еңлік-Кебек» пьесасын жазып, оны 1917 жылы маусым айында Ойқұдық деген жерде тіркестіріп тіккен киіз үй сахнасында қойған.

Мұхтар Әуезов – ҚазҰУ-дың қазақ әдебиеті кафедрасының негізін қалаушы. Театра жұмыс істеген. Жүсіпбек Аймауытовпен бірге «Абай» журналын шығарған.

30-жылдары ұлтшыл деп 2 жылға түрмеге қамалады. Босатылғаннан кейін, досы Лияс Жансүгіровтің кеңесі бойынша, А.Құнанбаевтың еңбектерін зерттеуге кірісті. Мұхтар Әуезов драматургиядағы жанрлық формалардың (трагедия, комедия, драма да бар) бәрін қамтыған дара қаламгер. Өз заманындағы ең құрметті марапаттардың бірі – Ленин сыйлығына ие болған.

2022 жылы Астана төрінен Әуезов ескерткіші ашылып, оған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев және ұлының ұлы Мұрат Әуезов қатысты.

ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВ – 110



Дінмұхамед Қонаев 10 жылға жуық қазақ КСР министрлер кеңесінде төрағаның орынбасары, 27 жылдай Қазақстан орталық комитетінің бірінші хатшысы, 21 жыл СОКП ОК саяси бюросының мүшесі болған.

Ол КСРО да ең биік саяси лауазымға ие болған алғашқы қазақ. Қаншама жыл жоғары лауазымды қызметте жүрсе де, жеке күзетшілері болмаған. Таңертең жұмысына жаяу барып келіп жүрген. Академик шені үшін 340 рубльдік төлемақыдан бас тартқан. Бұл қаражат балалар мен жас ғалым-

КЕМЕҢГЕР ҚАЗАҚ

дарға көмек ретінде аударылып отырған. Алматы төріндегі шағын пәтерінде (қазір мұражай) 24 жыл өмір сүрген, пәтер ауданы 200 кв.м. Кезінде Леонид Брежнев (КСРО басшысы) Алматыға бірінші рет келіп, Қонаевтың үйіне қонаққа келеді. Пәтерін аралап шығып: «Бар дүниен осы ма?», – деп таңданған көрінеді.

Коллекциялық қару-жарақ жинаумен айналысқан. 80-жылдардың соңында қуғындала бастаған кезде коллекциясындағы қару-жарақтар тәркіленген. Тәркіленген қару-жарақтардың кейбіреуі әлі күнге дейін қайтарылмаған. Қайтарылғандарының басым бөлігі қазір Алматыдағы Қонаев мұражайында.

Сонымен қатар, оттық жинаумен де айналысқан. Коллекциясындағы 476 оттықтың біразын Жапония премьер-министрі Ясухиро Накасонэ, АҚШ Президенті Джон Кеннеди, Египет президенті Гамаль Абдель Насер, Ирак премьері Саддам Хусейин сынды әйгілі саяси тұлғалар сыйға тартқан.

Музыканы ерекше жақсы көрген, үйінде музыка қосылып тұрғанын қалаған. Ол кісінің бойшаң болғанын бәрі біледі. Дәлірек айтсақ, бойы 198 см болған. 46 өлшемдегі аяқкиім киген.

ШАРА ЖИЕНҚҰЛОВА – 110



Шара Жиенқұлова 16 жасында-ақ «биші қыз» атанып үлгерген. Ол Алматыда дүниеге келген. Отбасындағы 14-ші бала. Әкесі Баймолда күллі Жетісу өңіріне әйгілі молда адам болған.

Шын есімі – Гүлшара. Дінмұхамед Қонаевпен бір сыныпта оқыған.

Ол қазақ биінің ұлттық элементтерін табу

БИ ХАНШАЙЫМЫ

үшін республика бойынша көп саяхат жасаған деседі. Нәтижесінде бұл туындыда «Айжан қыз», «Тәттімбет», «Қырық қыз» және тағы басқа билер пайда болған екен.

Үлкен сахнадағы өнер жолын күйеуі, белгілі опера әншісі Құрманбек Жандарбековпен бірге Қазақ драма театрында бастаған. 1934 жылы өз жұмысын Музыкалық драма театрында (қазіргі Абай атындағы мемлекеттік Қазақ опера және балет театры) жалғастырған.

Шара Жиенқұлова М.Әуезовтің «Айман – Шолпан» музыкалық драмасында, Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» және «Ер Тарғын» операларында халық билерін орындады. Сондай-ақ, қазақтың ұлттық «Қалқан – Мамыр» балетіндегі «Мамыр» партиясын биледі. Ал 1966 жылы Болат Аюхановпен бірге қазақтың тұңғыш «Қыз Жібек» атты балетін қояды.

ЗЕЙІН ШАШКИН – 110



Қазақ әдебиетінде өзіндік орны, ерекше қолтаңбасы бар жазушылардың бірі – Зейін Шашкин. Тек қаламгер ғана емес, әдебиет зерттеушісі, драматург Зейін Шашкин өзінің қысқа ғана тұмырында әдебиетке өлшеусіз үлес қосты.

1955–1966 жылдар аралығында жазушының қаламынан «Таң атты», «Ұядан ұшқанда», «Темірқазық», «Өмір тынысы», «Ақбота» повестері мен әңгімелер жинағы және «Тоқаш Бокин», «Теміртау», «Доктор Дарханов», «Сенім» сынды романдары туды.

ШЫНШЫЛ ҚАЛАМГЕР

Зейін Шашкин әдебиеттегі ұлттық дәстүрді дамытуда жаңашылдығымен ерекшеленді, ол жаңа жанрдың қалыптасуының бастауында тұрған жазушылардың бірі болды. Қазақ прозасының драматургиясының, әдеби сын, очерк, публицистика саласының, әдебиеттану ғылымының өсіп-дамуына мол еңбек сіңіріп және дәрігерлік қызметті де атқарған белгілі тұлғаның еңбегі ұшан-теңіз.

Жазушы Мұхтар Әуезов Зейіннің шығармаларын «Зейін Шашкин оқиға құруға шебер, бос лауы жоқ, тап-тұйнақтай етіп жазады» деп жоғары бағалаған.

Бүгінде Павлодар облысында орналасқан Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейінде жазушының жеке заттары сақтаулы. Музей басшысы Ербол Қайыров дарынды тұлғаның бірнеше қолжазбалары мен өзі тұтынған заттарын Алматыда тұратын жазушының қарындасы Мәкиза Шашкинадан алған екен. Алматыдағы бұрынғы Университетская, 2-ші Көктем көшелеріне қазақтың көрнекті жазушысы Зейін Жүнісбекұлы Шашкиннің есімі 1997 жылы берілген.



ЖҮРЕР ТҰЛҒАЛАР

МӘЖИТ БЕГАЛИН – 100



Бауыржанды қаһарман, Шоқанды ұлы, Мәншүкті батыр еткен кинорежиссер Мәжит Бегалин Семей топырағында дүниеге келген. Теге өскен ағасы Хамитке қарағанда тентектеу болыпты.

Режиссер туралы жазылған кейбір естеліктерде, кішкентай күнінде оның құлынды ерекше жақсы көргені айтылады. Жаздығүні желіде байлаулы тұрған құлындардың жалын тарап, кекілін сипап, айналшықтап жандарынан шықпай жүріп, ақырында «бұлардың қарны ашып тұр ғой» деп босатып жібереді екен. Сөйтіп, ауылдағы ағайынды талай қымызсыз қалдырып, май құйрықтан талай таяқ жеген дейді.

КИНОГЕР

Ол Мәскеудегі Бүкілодақтық кинематография институтын 1948 жылы бітірген. Келесі жылы елге, Алматыға оралып, «Қазақфильм» киностудиясының көркемдік жетекшісі болып қызмет етеді. Оның елге келгеннен кейінгі алғашқы қойған фильмі «Бұл Шұғылада болған еді» («Это было в Шугле», 1955 ж.) деп аталады. Жас режиссердің кинодағы алғашқы қадамын жұртшылық жылы қабылдады. Оның ерекше дарынына, келешегіне сенген, қолдау білдіріп, қолұшын бергендердің бірі Шәкен Айманов болатын.

1950–1978 жылдар аралығында «Қазақфильмде» режиссер болып, «Жерге қайта оралу», «Тұлпардың ізі» көркем фильмдерін қойды. Ш.Уәлиханов туралы «Оның күні туады», Б.Момышұлы жайындағы «Ел басына күн туса» фильмі сценарийінің авторы әрі қоюшы-режиссері болды. «Мәншүк туралы баллада» да, «Дала күркірін» де көрермен жылы қабылдайды.

Ол бар-жоғы 56 жыл ғұмыр кешті. Киногер ретінде, режиссер ретінде бұл көп ғұмыр емес. Бірақ қазақ халқына адал қызмет етті. Қазақ кинематографиясын кәсіби деңгейге көтерді. Ұлы Отан соғысы тақырыбында алғаш болып қазақша фильмдерді дүниеге әкелген де Мәжит Бегалин.

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ – 100



Лирик ақын, Қазақстанның халық жазушысы, Александр Фадеев сыйлығының және Қазақ ССР Абай атындағы мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Қазақ әдебиеті» газетінің, «Жұлдыз» журналының редакторы болған қаламгер Сырбай Мәуленов – қырыққа жуық жыл жинағының авторы.

СЫРШЫЛ АҚЫН

«Әкемнің өлеңдерінің ең алғашқы рецензенті анам болатын. Әкемнің анама айлы түндерде өлеңін оқып беріп отыратынын бала да болсақ талай көргенбіз. Біз осылай бір-бірін қадірлей, қолдай білген, риясыз сүйген ата-ананың құшағында мейірімнен кенде болмай өскен баламыз.

Әкем бір орнында отырып жұмыс істеуге дағдыланбаған кісі еді. Күн-түн ыңылдап, ойланып жүреді екен де, бір күні ақтарылады дейтін анам. Кейде табанасты отыра қалып нәсер құйып өткендей селдетеді екен, – дейді ақынның ұлы Қасым Мәуленов. – Әдетте, аса дарынды адамдардың өмірде қарапайым, ұсақ-түйекпен ісі жоқ болатыны, пендешілік атаулыдан биік тұратыны, күйкі тірліктің ызыңын місе тұтпайтыны, шаруаға қыры жоқ екені белгілі. Әкем де сондай қызық жан еді. Өмірбақи газға от жағып шәйнек қоюды білмеген, дүкенге аяқ баспаған, есікті де өзі ашпаған, тіпті өзіне кісі болып бір жейде сатып алмаған. Оны мұндай күйкі тірлікке араластырмаған, әрине, менің бекзат болмысты анам ғой.

РОЗА БАҒЛАНОВА – 100



Осыдан ширек ғасыр бұрын, әншімен көзі тірісінде жүзе-жүз отырып сұхбаттасу бақыты маған да бұйырған болатын.

«Соғыс жылдарында қарша бораған оқтың ортасында, жауынгерлерге дем, рух беру үшін тәулігіне он сағаттан өлең айтатынбыз. Діттеген жерімізге жету үшін амалсыз өліктердің үстімен жүріп өтетін сәттеріміз де көп болатын. Тіпті, толассыз борап жатқан октан қорғану үшін өлік-

ӘН ПАДИШАСЫ

терді үстімізге «жамылып», қалқан еткен кездерімізді де болған, айналайын! Сонда бастан-аяқ қанға малшынып шыға келетінсің. Бір көзіме снарядтың жарықшағы да тиді», – деп еске алған болатын әнші оқ пен отқа оранған соғыс жылдарын.

Роза әнші Елизавета патшайымның алдында да ән шырқаған. «Ах, Самара-городок» әнін шетел оркестріне қосылып, орысша, ағылшынша, французша орындайды. Қазақ қызының бұлбұл үніне, ұлттық киіміне де тәнті болған Елизавета патшайым Роза Тәжібайқызының жанына таяп келіп: «Қазақ әйелдерінің киген киіміне қарап-ақ олардың қандай халық болғанын тануға болады», – деген көрінеді.

2022 жылы Халық артисі 1949–1960 жылдары еңбек еткен Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы ғимаратының алдында еңселі ескерткіші бой көтерді. Сондай-ақ, бұлбұл әнші құрметіне Ұлттық банк монета шығарды. Пошта маркасы да жарық көрді.

ТАЛҒАТ БЕГЕЛДИНОВ – 100

КӨКТИ БАҒЫНДЫРҒАН



Екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Талғат Бегелдинов соғыс жылдарында кезекті маңызды әскери тапсырма алдында міндетті түрде әжесінің

үйретіп кеткен сол дұғасын оқып барып, көкке көтерілетін.

Фашистер Бегелдиновтің ұшағына «Қара өлім» деген лақап ат берген. Ал әріптестері оны «Қазақтың қыраны» деп еркелеткен. Майдан командирі Иван Конев болса оны «Крикун» деп атаған. Себебі, Бегелдиновтің негізгі міндеті барлаушылық еді, содан оның радиостансасы қуатты. Ол сөйлегенде басқа радиостанса тоқтап қалады екен.

Талғат Бегелдинов әскери тапсырмамен әуеге 305 рет көтерілген. Жеке өзі жаудың 7 ұшағын атып түсірген. Кеңес Одағының Батыры деген атақты екі рет алған Анатолий Ефремов 244 рет ұшқан, ал Талғат Жакыпбекұлы одан 61 рет артық көкке көтерілген.

Барлау жұмыстары әдетте тек түнде ғана жүргізілген. Ал 1945 жылдың сәуірінде Берлинге ең алғаш күндіз барлау жасаған біздің Талғат Бегелдинов. Сол әуе жорықтарының бәрінде оны аман алып қалып жүрген, өзінің айтуынша, әрине, әжесінің дұғасы болатын.

Қазақтан шыққан қаһарманның жыл соңына қарай «Аспанда үрей дегенді білмеген» деп аталатын кітап жарық көрді.



МӘНШҮК МӘМЕТОВА – 100

МОНШАҚ ҚЫЗ



Шығыс қыздарының арасынан тұңғыш рет Кеңес Одағының Батыры атағына ие болған аға сержант, пулеметші Мәншүктің азан шақырып қойған аты – Мәнсия. Анасы Әмина «Моншағым» деп еркелеткен. Ал кішкентай Мәнсия өз есіміне тілі келіңкіремей «Моншақты» «Мәншүкпін» деп кетеді.

Бейбіт кезеңде алған білімі – медицина саласы. Бірақ соғыс басталып кетіп, сәнді туфлині керзі етікке

ауыстырады. Елді, жерді сағынып жүрген майдандастарына, от пен оқтың ортасында жүрсе де, жүректерге үміт, қуаныш сыйлайтын әндерді тамылжыта шырқап беретін болған деседі.

Ол 1942 жылдың қарлы қысында Великие Луки қаласын жау қолынан азат етуге тікелей қатыса жүріп, ұрыс алаңында санитар-нұсқаушы болып шайқасып, «Қайырымды солдат» атанады.

Қан майданда Нұржан Құсайынов, Райымбек Бәйсейітов, Тахауи Ахтанов, Әзілхан Нұршайықов, Мәлік Ғабдуллин және Сұлтан Жиенбаев сынды қазақтың біртуар азаматарымен қатар жүрген.

Бір айкаста бір өзі «Максим» пулеметімен 70 немісті жайратқан. Бірақ өзі де сол кескілескен шайқаста, 21 жасқа толғанына екі апта-ақ өткенде ұрыс даласында опат болады.

Алматы қаласында сонау 1928 жылы ашылған, кезінде Мәншүктің ізі қалған №28 мектепте бүгінде батыр қыздың музейі құным істеп тұр. Аталған музейдегі жұнды экспонаттардың бірі – Мәншүк отырған мектеп партасы.



ӨМІР-ӨНЕГЕ

Мұрат ӘУЕЗ:

ЖАС БОЛСАҚ ТА,

Биыл белгілі шығыстанушы, түркітанушы, мәдениеттанушы ғалым, қазақ дипломатиясының қайраткері Мұрат Мұхтарұлы 80 жасқа толды. Асылдың сынығы Мұрат Әуез – Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Алтын асық», «Тарлан» сыйлығының лауреаты. Алаш ардақтысының мерейтойына орай белгілі журналист Қайнар Олжайдың Мұрат Әуезбен сұхбатын оқырман назарына ұсынып отырмыз.

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТОПЫРАҒЫ
ТАРТЫП ТҰРАДЫ

– Ең алғаш рет көргеніңіз өзіңіздің анаңыз, Меркінің көгілдір таулары ғой. Алдымен сол естеліктен бастайық...

– Меркі кемінде бір жарым ғасырлық тарихы бар ғажап жер ғой. Бәлкім, тарихы одан да тереңірек шығар. Тарихи деректерде Меркінің екі жарым ғасыр бұрын Жібек жолының бойында пайда болғаны жайлы болжамдар бар. Меркі сөзі бірнеше мағына береді. Соның ішіндегі дұрысырағы, «орталық» деген мағынасы-ау деп ойлаймын. Мысалы, өзбек бауырларымыз «Мәркәзи комитеті» дейді, бұл – орталық комитеті деген сөз. Демек, Меркінің әу бастағы мағынасы да осы орталық дегенге кеп сады.

Жас келген сайын адамды туған жердің топырағы тартып тұра ма, мүмкіндігім бола қалса, Меркіге барғым келіп тұрады. Кіндік қаным тамған өлкенің табиғаты ғажап. Меркінің тауларында көне заманнан, сонау төс дәуірінен қалған ескерткіштер, тасқа қашалған суреттер бар. Осы ескерткіштердің біразы қазір сол жерде жұмыс істеп жүрген ғалымдардың арқасында ЮНЕСКО-ның қарамағына алынған. Меркіде көркемөнердің де сапасы өте жоғары. Меркінің жанындағы Тараз қаласында ХІ ғасырдағы Қарахан дәуірінің ескерткіші – Айша бибі кесенесі орналасқан, жалпы түркітілдес халықтардың тарихында ХІ ғасыр ең бір ғажап кезең. Жүсіп Баласағұн, Ахмет Яссауи секілді тұлғалар осы ғасырда өмір сүрді.

Меркі – мен үшін ғажап мекен. Осы жерде менің балалық шағымның естеліктері қалды. Меркіде Қарасу дейтін кішкентай ғана көл бар. Сол Қарасудың үстінде бір ғана қайық болатын. Судың жағасында Үміт, Ильфа достарымен ойнайтын. Олар сиырдың жүнінен доп жасап алушы еді. Бірде Қарасуға өзімнен 6 жас үлкен Болат ағам екеуміз де бардық. Фатима шешеміз ағам «Мұратқа бас-көз бол» деп айтып қойған ғой. Қайықта отырған бір адам екеумізді өзімен бірге көлге жүзуге шақырды. Қайықпен көлдің ортасына бардық. Бір кезде қайық бата бастады. Түбі тесік екен. Жанымыздағы кісі өзі бүкір. Ол қайықтан секіріп түсті де, жүзіп кетті. Қайық батып бара жатты. Болат Меркіде өскендіктен жүзуді біледі екен. Ал мен кішкентаймын, судың түбіне баттым да кеттім. Қазан айы, күн суық. Болат та әлгі кісінің соңынан жүзіп кете баруына болар еді. Бірақ ол ондайға бармады, көлдің түбіне сүнгіп, мені алып шықты, өлімнен құтқарды. Мұның өзі шешемнің бізді бөлмей, бір әкенің баласындай етіп тәрбиелегенінің арқасы. Сол күні мен ағамның мен жақсы көретінін жүрегіммен сезіндім. Осы кезде анам Меркідегі мектепте сабақ беретін. Ол 7 жылдық мектептің 10 жылдық болуына күш салды.

– Сіз күнделігіңізге осындай естеліктеріңізді емес, кішкентай көлбақаларды жазыпсыз. Бұл сонда жас кезіңізде өмірдің қайғылы жағын көрсетпей, тек сәулелі жағын көрсеткіңіз келгені ме?

– Күнделіктің ерекшелігі, ойда жүрген дүниелерді жазасың. Күнделік ақылдан емес, жүрегіңнен шығатын сезіммен жазылады. Тәй-тәй басып жүрген кезімде әпкелерім мені судың жағасына апаратын, сонда судың жағасындағы құрбақалар пыр етіп секіретіні есімде қалыпты.

ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР
БАҒАЛАЙ БІЛГЕН...

– Әр сәби көзін ашқанда, ең алдымен, анасын көреді ғой. Атақты Фатима Ғабитова еліміздің тарихында аналардың ішін-



дегі ең аяулысы деуге болады. Қаншама қиындық көрген. Оның бәрін оқыдық, білдік. Бірақ енді сіздің өз аузыңыздан анаңыз туралы тағы да бір мәрте естігіміз келеді.

– Анамыз Қапал өңірінің тумасы. Фатима Ғабитованың білімділігін, парасаттылығын қазақтың ұлы тұлғалары бағалай білген. ХХ ғасырдың басында Герман-Ресей соғысы кезінде неміс ұлтының өкілдері Қапалға келеді. Солардың арасында Ида Карлова дейтін өте білімді, мұсылмандық сауаты жоғары адам болған. Анам сол кісіден неміс тілін үйренген екен. Мен де мектепте неміс тілін оқыдым, есейе келе тілді жетік меңгере бастадым. Бірақ шешемнің немісшесі менікінен әлдеқайда жақсырақ, сауаттырақ болатын. Соған қайран қалушы едім. Жақында Фатима Ғабитова туралы фильм түсірілейін деп жатыр. Таяуда Қазанда үлкен фестиваль болды. Көрерменді жаулап алатын, болашағы зор кинолардың сценарийіне бөйге жариялапты. Сонда біздің шешіміз туралы «Фатима» деген атаумен қатысқан сценарий үздіктердің қатарында болды. Өте қызық, тартымды фильм болады деп ойлаймын. Өйткені, ХХ ғасырдағы трагедияның барлығы, тіпті Азаматтық соғыс та шешеміздің басынан өткен десек болады.

– Қапалдан Меркіге тап болған сәт ең қиын кезіңіз бірі ғой.

– Анамыз Фатима өте сұлу, білімді кісі болды ғой. Илияс Жансүгіровтің лирикалық, ақындық ерекше дарынын шешемізге жазған өлеңдерінен білуге болады. Ол барлық лирикалық өлеңін Фатимаға арнаған екен. Қазақтың белгілі қаламгері Мұхтар Мағауиннің шешеміз жайлы өте жақсы естеліктері бар. Мұхан қазақтың тарихын бес, алты ғасырға терендеп зерттеген кісі ғой. Мұрағаттардан іздесек, Мұхтар Мағауинге көп дүниені жинап тапсырған Фатима екен. Ал енді сол кісі Меркіге қалай келді? Сол заманда анамыз Біләл деген кісіге тұрмысқа шыққан. Біләлдің ерекше әдеби дарыны болған. Біләлден Фарид, Жәнібек, Азат сынды балалар дүниеге келді. Қыздары Фарид, Азат сынды балалар дүниеге келді. Қыздары Фарид, Азат сынды балалар дүниеге келді. Бұл қаза ата-анаға қатты соққы болды. Фатиманың ерекше қасиеті деуге болар бәлкім, әкелері бөлек болса да, балаларын бір-біріне өте жақын етіп тәрбиеледі. Илиястан туған Ильфа тәтем Жәнібекке ерекше жүрек жылылығымен қарайтын. Жәнібек соғыста қайтыс болды.

Қазақ ұлы халық қой, бабаларымыз жақын адамдар арасындағы қарым-қатынастың жақсы болуын өсиет еткен. Біләл өмірден өткеннен кейін оның балаларына қамқоршы керек. Заман қатал. Илияс Жансүгіров анамызға да, балаларына да қамқоршы болды. Анамыз басына салған тағдырды қабылдай білген адам. Фатима шешеміздің философиясы осындай болған. Өмірге деген өзінің ұстанымы болды. Илияс әкенің орнына әке болды. Азат өте білімді, сауатты болған екен. Азатқа әкесінен дарыған ерекше интеллектуалдық қасиеттерінің ашылуына Илияс көмектесті деуге болады. Оған ешқандай дау жоқ. Илияс 1937 жылы репрессияның құрбаны болды. Кетерінің алдында жарқырап кетті.

ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҚ

– Жетісуын жырлағанда шөбін суреттегеніңіз өзі тура бояумен салған картина секілді. Жетісудағы әрбір шөптің атауын қазір біз білмейміз. Илиястың өлеңінде Жетісудың тауында өсетін жүздеген шөптің атауы бар.

– Илияс – ғажап ақын. «Құлагері» қандай ғажап поэма. «Құлагерде» көшпенді өркениеттің күйреуінің трагедиясы баяндалады. Ол көшпенділер өркениеті сақталсын деген ниетпен «Құлагерді» жазғанда атты баптау, сыншылығы бәрі қамтылды. Дәл осы ниетпен Мұхтар Әуезов «Абай жолына» кіріседі. Қазақтың «қазақ» болып қалуы үшін көшпенділер өмірін көрсету керек болды. Тек ХХ ғасыр емес, ол екі жарым мың жылдық көшпенділердің тарихын жазды. Осының бәрін қамту үшін үшін роман-эпопея керек болды.

Абай жазған қазақтың тағдырын, болмаса ұлылардың іс-әрекеттерін, талпыныстарын түсіну үшін біз сол Абайдан бұрын болған зар заман ақындарын міндетті түрде білуіміз керек. XV–XVI ғасырларда жалпы тарихи саяси жағдай өзгерді. Қазақтың көшпенділер өркениеті жоғалуға айналған кезеңдер келді. Мұхтар Әуезовтің «Асан қайғы және Бұқар жырау» деген өте күшті зерттеуі бар. Сонда зар заман ақындарын, олардың рухани жағдайын жақсы келтіреді. Ол бір сөзінде «осының барлығы келіп Абайға тіреледі» деген еді. Әкем Абайды жүрегімен, санасымен қабылдаған. Абай өзінің бүкіл ізденісін, өмірін қазақ халқына арнады. Кейін Абайдың жолын Алаш қайраткерлері жалғасты. Міне, бұл тарихи сабақтастық.

Илияс кеткеннен кейін Фатима мен балаларына халық жауының жауысы деп қарайтын. Ол кезде Фатимаға Алматыда тұруға болмайды. Таныстары мен туыстарының өзі оны көрсе де көрмегендей көшенің арғы жағынан қашатын болған. Сол кезде өзі де қауіпті жағдайда жүрген Мұхтар Әуезов ерлік көрсетіп, шешемізге көмек көрсетті. Илиястың балаларының киімдері бүтін, тамақтары тоқ болсын деп қамқорлық танытты. «Халық жауының» жауысын сақтай білді. Бұл туралы өзі күнделігінде жазған.

1949 жылы Үміт, Ильфа Азат Меркідегі мектепті алтын белгімен бітіріп, Мәскеуге кетті. Мен алтыға толып, енді мектепке барған кезім. Мұхтар Әуезов үшін елуінші жылдар өте қиын болды. «Манасты» қорғаймын деп Мәскеуге қашып кетуге мәжбүр болды. Соған қарамастан Алматыдан кішкентай ғана үй сатып алады. Үміт, Ильфа жоғары оқу орнына түседі. Ильфа өте дарынды суретші болатын. Оның көптеген суреті сақталды, бірақ біразын өзі құртты. Өйткені, суретшілік училищесіне түсем дегенде «халық жауының» қызына бұл жерде оқуға болмайды дейді. Сонда ол үйге қылап келіп, біраз суретін өзі жыртып тастаған еді. Бірақ біразы сақталып қалды. Шешеміз сақтап қойыпты. Ол кезде қуатты адамдар балаларын қазақ мектебіне бермеуші еді. Алматыда қазақ тілінде екі-ақ мектеп болды. Әкем мені ер балаларға арналған 18-ші мектепке өзі жетектеп апарды...

– Әкенізді алғаш көрген кезіңіз есіңізде ме?

– Оны дәл қазір еске түсіру қиын. Тым кішкене едім. Екі-үш жас кезімде Меркіге келгенде көрген болуым керек. Шешеміздің туысы біздің жанұямыздың құтқарушысы болған. Сол Құтби мені алып, Алматыға әкеледі. Сол кездер еміс-еміс есімде. Жасым төртте болуы керек. Кішкентай бауырым Ернар жүгіріп жүр екен. Әкеміз оған бір дорба асық берді. Ернар екеуміз асық ойнай бастадық. Кім екені нақты есімде жоқ. Әкемнің достарының бірі келіп, тізерлеп отырып бізбен бірге ойнайтын. Әкем Сапарғали Бегалинмен өте жақын дос болған.

«ОЛ ӨМІР БОЙЫ ӘДІЛЕТСІЗДІККЕ
ҚАРСЫ КҮРЕСТІ»

– Әлгіңде әкеніздің мектепке апарғанын айттыңыз. Мектепті жақсы оқы деген шығар. Оның үстіне қазақ мектебіне апарды. Мектептен кейінгі мамандық алуда әкеніз ақыл берді ме? Әлде, мамандықты өзіңіз таңдадыңыз ба?

– Мен қазақ мектебінде үш жыл оқыдым. Ол кезде Алматыда он үш-ақ пайыз қазақ болды. Қалғаны орыс, т.б. ұлттар. Қазақтың біразы балаларын басқа орыс тілді мектептерге беретін. Шешеміздің бөле інісінің Ғазиза деген менімен құрдас қызы болды. Мені қазақ мектебіне, оны орыс мектебіне берген. Туыс болғасын Фатимамен жайлап араласа бастады. Сол кезде туыстары үйге қонаққа келгенде кішкентай Ғазиза екеумізге сұрақтар қояды. Кімнің білімі артық дегендей, екеуміздің жауабымызды салыстырып, тексереді. Сонда олардың біразы «қарашы, Ғазиза Мұратқа қарағанда көп нәрсе біледі» дейтін. Фатимаға айтып, өздерінің ортақ шешімімен Мұратты орыс мектебіне ауыстыру керек деді.

4-сыныпта мені орыс мектебіне ауыстырды. Сонда маған үлкен демеу көрсеткен шешеміздің құрбысы Анна Викторовна, ол мені екі-үш айдай орыс тілінде оқуға дайындады. Сол кісінің арқасында қатардан қалмай, мектепті жалғастырдым. Мектепте спортпен де шұғылдандым. Әкем біздің спортпен айналысуымызға жағдай жасап, керек-жарағымызды алып беретін. Барлық баласына, тіпті есейіп кетсек те, шоколад әкеп беруші еді.

Бірде мектепте прокурордың баласымен төбелесіп қалдым. Сонда әкеміз мән-жайды сұрап алған соң маған қолдау білдірді. Әкемнің әділдігіне риза болдым. Ол өмір бойы әділетсіздікке қарсы күресті.

Анамыз Фатиманың бөле інісі үлкен бір шежіре жазған. Сол шежіреден анамның таттар емес, ноғай болғанын білдік. Кезінде Шәмілге орыстар Перм губерниясынан жер береді. Сол Шәмілдің қасындағы адамдардың арасында біздің атамыз болған екен. Ол ноғай болған. Бестшуда деген жерден қашып, Қазақстанға өтіп, Жетісуға қарай келген. Өйткені, шешеміздің мінезі біз кітаптан оқып жүрген, көріп жүрген татарлардың мінезіндей емес еді, ол ештеңеден қорқу дегенді білмейтін.



САНАЛЫ ҚАЗАҚ БОЛДЫҚ

ТӘРБИЕНІҢ БІР ТӘСІЛІ

– Оқуды әкеніңіздің ықпалымен таңдадыңыз ба?

– Әкем өте дарынды тәрбиеші деуге болады. Мәскеуде 2-3 жыл дәріс оқыған кезінде оның біліміне орыстардың өзі таң қалған екен. Әкем қырғыз еліне барғанда Саяқбай Қаралаевтың үйін іздеп барады. Ол туралы мен біраз жаздым, айттым. Сонда «Манасты» тындап отырдық. Сол уақытта қазақтардың арасында құс баптау өте сирек кездесетін. Қырғыздар ол жағынан мықты болған. Саяқбайдың қорасында бірнеше бүркіті бар екен. Ернар екеуіміз барып, соны қызықтап жүрдік. Қазақстан Жазушылар одағының біраз мүшелері бар, әкеміз бар, бәріміз бірге отырғанда мен әкемнің құлағына сыбырладым. «Мен мына кісінің айтқандарын түсініп отырмын» дедім. Сонда әкем «Менің балаларым қырғызша түсінеді» деп марқайып қалды. Бұл да тәрбиенің бір тәсілі екен. Қырғызды бауыр санап, жақын тарту керек деген түсінікпен өстік. Түрікшілдігім содан басталды деуге болады. Шешеміз татардың көптеген әнін жақсы білетін.

Мәскеуде «Жас тұлпарды» құрғанда татар, башқұрт, қырғыз, тағы да басқа түркітестің ұлт өкілдерін шақырдық. «Жас тұлпармен» бармаған жеріміз жоқ. Тіпті, Ресейге, Омбы облысында қазақтар тұратын аудандарға барып, қазақтарды іздей бастадық. «Жас тұлпар» 1963 жылы құрылды. Ұлттық мәселені басты мәселе ретінде қарайтын. Дәл осы рухпен Ленинградта «Арай» деген ұйым құрдық. Содан кейін Ригаға бардық. Сол тұста «Жас тұлпар» қанатын кең жайды, мүшелері де көбейе түсті.

– Талайлар іштей қолдағанымен, «Жас тұлпарды» қолдамаған белгілі үлкен кісілер болды. Аты-жөнін де білеміз. Біздің атақты Сәбит Мұқанов мақала жазды. Сол арқылы Мұхтар Әуезовті тұқыртқысы келді ме? Әлде тек сіздерді тоқтатқысы келді ме? Сәбит Мұқановтың сіздер туралы өте ащы пікірін қалай бағалайсыз?

– Сәбеңнің Мұрат деген ұлы өте талантты этнограф. Тағы бір кісінің есімін айта кетейін, ол – Мұхамеджан Қаратаев. Оның ұлы Мирланмен біз жақсы дос болдық. Екеуіміз бірге философия институтында жұмыс істедік. Тақырыбын тандағанда оған ақыл-көнес бердім. Қазақтың эпосы туралы, жылқының бейнесі туралы зерттеген еді. Мен ешқашан ешкімге кек сақтаған емеспін. Ол Сәбиттің баласы, Мұхамеджанның баласы дегендей бөліп-жару болмаған. Өйткені, біз жас болсақ та, саналы қазақ бола білдік. Сәбеңдер өз заманының құрбандары. Оның Мұхтармен келіспеушілігі бір бөлек, олардың хат арқылы жазысқан айтыстары бар. Өз көзіммен көрдім. Сәбең Назым Хикмет секілді шынымен қызыл идеологияға сенген адам. Оның таңдауы сол болды. Сондықтан оның өзіне де, ұрпақтарына да ешқандай кек жоқ.

ТАҢДАУЫМ «ЖАС ТҰЛПАР» БОЛДЫ

– Оқу бітіргеннен кейін ғылыми ізденісіңіз қай бағытта болды?

– Біріншіден, әкемнің кеңесін жадымда ұстадым. Мені шығыстану факультетінде араб тілін оқыса деген ойы болды. Бірақ бұл мүмкін емес еді. Өйткені, араб тілі дәрісіне тек мектепте ағылшын тілін оқыған балаларды қабылдаған. Сонда әкем: «Онда тұрған ештеңе жоқ. Қытай тілінде қазақтар туралы көптеген дерек бар. Сен қазақ туралы жазылған қытай деректерін зертте, біл» деп, сонау 1959 жылы айтып кетті.

Әкем 1961 жылы қайтыс болды. Оның соңғы хаттары өте керемет. Қолыма үш хат берді. Мен үшін әкемнің хаттары – үлкен өсиет. Бұл – қайтыс боларынан екі күн бұрын ауруханада соңғы рет қолына қалам алып жазған хаттары еді.

Қытай тілін жақсы меңгеріп келе жатқанмын. Екінші тіл ретінде түрік тілін тандадым. Сонда біразы таңқалып қараған. Себебі, ол кезде қытай тілінің жанына жапон шығыс тілдерін тандайтын. Түрік тілін үздік бағамен бітірдім. Бір әңгімені түрік тілінен орыс тіліне аудардым. Асқар Сүлейменов сынды аға буын өкілдері осылай аударма бер деп мені қолдап жүретін.

Қытайшам жақсы болғандықтан маған Мәскеудегі Азия-Африка мемлекеттерінің институтында жұмыс істеуге ұсыныс болды. Мен ол кезде қытай әдебитін оқып, мақала-

лар жазып жүргенмін. Менің алғашқы сын мақалаларым қытай әдебиетімен байланысты.

Таңдауым «Жас тұлпар» болды. Шығыстану емес, дүниежүзілік әдебиет институтының аспирантурасына түстім. Үш жыл сол жерде оқыдым. Мен үшін өте жақсы мектеп болды. Әдебиет теориясы философиясыз болмайды.

Негізгі өмір жолымдағы үлкен білімді сол жерде алдым деуге болады.

1969 жылы мен Мәскеуде оқуымды бітірдім. Алматыға келгенде іштей философияны жақсы көре бастаған кезім еді. Ол кезде Кеңес заманындағы ең ірі «Дружба народов» деген журнал болған. Сонда екі жыл қатарынан менің мақалаларым I орын иеленіп, сыйақы алдым. Диссертациямды да жақсы қорғадым. Алматыға келгендегі менің ойым Қазақ мемлекеттік университетіне келіп, ұлттық әдебиет пен дүниежүзілік әдебиеттен сабақ беру еді. Бірақ оқу ағарту министрлігіне жазған өтінішіме «Сізге студенттермен жұмыс істеуге рұқсат жоқ деген» жауап келді. Бұған «Жас тұлпар» себеп болғанын түсіндім. Содан кейін өзім ерекше құрметтейтін Есеналиев дейтін кісіге жағдайымды айттым. Ол кісінің досы Мәскеуден шығатын «Литературная» газетінің бас редакторының орынбасары екен. Соған телефон шалды. Сөйтіп, «Литературная» газетінің Қазақстандағы тілшісі атандым. Біраз материал жаздым. Маған бұл жұмыс ұнады. Осы жерде жұмыс істеп жүргенімде Философия институтының директоры «Мұратты философия институтына жұмысқа қабылдайық» деді. Сөйтіп, бір жағынан «Литературная» газетінде тілші, екінші кіші ғылыми қызметкер ретінде жұмысқа орналастым. Мені ғылыми коммунизм бөліміне жіберді. Жалпы дүниежүзілік философияда ең бірінші талпыныс – көшпенді халықтардың көркем өнерін тұжырымдау. Соған Едіге Тұрыстанов, Асия Мұхамедова, Болат Қарақұлов, Мирлан Қаратаев, т.б. мүше болды. Мен сол топтың жетекшісі болдым. Кекшіл болсам оларды қабылдасам едім. Академияда жұмыс істейтіндер екі жылда өте жақсы еңбек жазып шықтық.

«ҚАЗАҚСТАН ДЕГЕН АТАУДА ЖЕР, ТАҒДЫР БАР»

– Енді еліміздің тәуелсіздігінің елең-алаңындағы маңызды қадам болған Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияға тоқтайлықшы. Бұл тәуелсіздікке ұмтылған елдің үлкен талпынысының кезеңі еді. Тәуелсіздік туралы мемлекеттік заң қабылданатын уақыт та келген. Менің ойымша, Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияның қабылдануы – маңызды қадам болды. Сол кезде Сіз Жоғарғы кеңесте депутат едіңіз. Біз Жоғарғы кеңесте тіркелген журналист ретінде «Егеменге» күн сайын репортаж жазатынбыз. Сол дәуірді еске алып, тоқсаныншы жылдарға қайта оралсақ...

– 25 қазан – Егемендік декларациясы қабылданған күн. Декларацияны жазу қиын емес. Ол кезде Кеңестер Одағы құрамындағы барлық республикалар одақтан шыққаны белгілі. Декларацияға сын жоқ, сапалы жазылған. Оның артында тұрған өзіміздің азаматтар. Алайда, Декларацияның бір осал жері бар. Ол қабылданды, бірақ 13 жылдан кейін бұл маңызды күн мерекелік күнтізбеден алынып тасталды. Неге? Бірде-бір азамат оны қорғап шығуға талпыныс жасамады. 1991 жылы желтоқсанның 10-ы күні өзіміздің концепциямызды анықтадық...

Мемлекетке атау берерде адамдардың аттарын да ұсынғандар болды. Одан ұялатын ештеңе жоқ. Тарихи шындық. Ол кезде Сұлтан Сартаев пен Жабайхан Әбділдиндерің күрес жолында тәжірибесі жоқ еді. Жабайхан аға маған: «Мұрат, сен қайтесің? Мен Гегель туралы жазам. Басқалары оны түсінбейді. Сондықтан аман-есен жүрмін. «Құдай-ау, жұрт түсінбеген нәрсені не үшін жазасыз? Кімге керек ол?» деп ол кісіні құптамадым. Біздің ұстанымдарымыз бөлек болды. «Жас тұлпар» арқылы біраз тәжірибе жинаған едік. Тәуелсіздік алғанда «Қазақстан» деген атауды біз ұсындық. Сонда өзім құрметтейтін Сұлтан Сартаев ағамыз «стан» орыстың «столица» деген сөзінен шыққан деп қарсы шықты. Мен шығыстанушы ретінде «стан» деген көне парсы сөзі екенін, жер деген мағынаны беретінін айттым. Бұл біздің түркішілдігімізді, ауызбірлігімізді білдіреді. Ең маңызды сөз – Республика болды. Өйт-

кені, автократия, диктатура болмасын деген ниетпен біз Республика сөзін шегедей қақтық. Қазақстан деген атауда жер, тағдыр бар. Осы атау өзімнің жанымға жақын...

– Сізді белгілі қытайтанушы ретінде мамандығыңызға орай және саяси тәжірибеніңізді ескеріп, елші қылып тағайындады. Сіздің алғаш елшілікті ашқаныңызға да куә болған едім. Елшіліктің ашылу салтанатына Пекинге барып, репортаж жаздым. Елшілікке кетер алдында сіз үлкен азаматтық іс жасадыңыз. Біреулер біледі, біреулер білмейді. 1990 жылдардың басында «Хабар-2» деген арна болды. Сол арнада бір бағдарламаны Әуезхан аға жүргізіп жүрді. Көлік жіберіп алдырамыз. Балдақпен келеді де мен басқарған «Хабар-2»-де ішкі мәдениет туралы хабарды жүргізетін. Әуезхан Қодарға сіз өзіңіздің үйіңізді беріп кеткеніңізді сол кезде біз Әуезханнан естіп, қатты риза боп едік.

– Рахмет. Осындай естеліктерді ұмытпай еске түсіріп отырғанның өзі өте жақсы. Әуезхан өте дарынды адам болды. Біз оны сақтай алмадық. Осында келгенде кейбір жазушылар ол кісіні әдеби құл ретінде пайдаланған. Жазғызғанда немесе аударғанда пұлын дұрыс төлемей, еңбегін жеп қалған. Әрине, ол шығармашыл адам. Мінезін көрсетеді, ұрсысады. Бірақ көбіне нәтижесіз. Күндердің бір күні Жазушылар одағының қасынан аударма бірлестігін құрдым. «Әлем» журналын шығардым. Соған Әуезхан өте жақсы аудармалар жасап жүрді. Оның аяғындағы бәтеңкесінің тозғанын, жағдайы болмай жүргенін байқадым. Сол кезде Алматыда екі пәтерім бар еді. Өзімнің бір бөлмелі пәтерімді Әуезханға беру туралы шешімге келдік. Бәрін заңдастырдық. Менің кітаптарымның бәрі сол пәтерде қалды. Әуезханның достары үйіне келіп кітапты оқитын. Әуезхан соған қатты қуанғаны бар.

– Сізден қамқорлық көрген тағы бір адам бар. Тағдыры қиын болған Айтан Нүсіпхан. Кезінде Қытайдан келгенінде оған ғылыми зерттеумен айналысуына жәрдем бердіңіз...

– 1963 жылы Мәскеуде «Жас тұлпарды» құрғанда, дәл сол жылы Қытайда Айтан «Жас күштер» деген ұйым құрды. Қайран қалдық. Ол кезде бір-бірімізді танымаймыз. Қытайда мәдени революция боп жатқан кез. Қазақтар ұйғырлармен жақсы тіл табысып жүрген кездер еді. Айтан тамаша ақын ғой. Ұйғыр мектебін бітірген, сондықтан қазақ, ұйғыр тілін жақсы біледі. Комсомол көсемі болып, Қытайды аралап шыққан. Сол кезде қазақтар мәдени революция кезіндегі бұрынғы 1949-1950 жылғы жағдайды пайдаланып, мемлекет құрамыз деген жоспарлары болған. Нәтижесіз болды. Қытайдың премьер-министрінің Айтанға байланысты нақты көзін құрту керек деген тапсырмасы болған. Жақсы достары хабарды естіп, ұйғыр мен қазақтар бес адамды дайындайды. Атқа мініп, қару алып шекара бұзып өтеді. Олардың арасында тарихшы, ақын, жазушылар бар. Күндердің бір күні қашып Алматыға келеді. Философия институтында жұмыс істеп жүрген кезімде Айтанмен жолықтық. Ол сөзге шешен, ақындығы бар, ойы терең азамат болды. Кейін оны Мәскеуге шақырып, сол жерде үй берді. Мен ол кезде Мәскеуге жиі барып тұрдым. Үйленгенде күйеу жолдасы болдым. «Жас тұлпардың» жігіттері той жасады. Біраз жыл жұмыс істеп осы жаққа оралды. Екі жыл қатарынан Қытайға барып келдік. Бір рет Тұрпанға барып аралап келдік. Келесі жылы Қашқарға бардық. Кезінде Айтанға көмектескен ұйғырлар құшақ жая қарсы алды. Ұйғыр мен қазақ дос болуы әбден мүмкін. Сырттан келген қазақтар неге билікте жоқ деген мәселе көтердік. Соңғы барғанда оның жақын достары Қытай Айтанды кешірген жоқ дегенді айтты. Қайтып келген соң көп ұзамай қайтыс болды. Оның кітаптарын шығаруға үлес қостық. Қазақшасы ғажап енді.

ҚАЗАҚТЫҢ БАҒЫНА ЖАРАТЫЛҒАН АЗАМАТ

– Мұрат Мұхтарұлы, саяси әңгімені жалғастырайық, өзіңіз айтқандай, Қытайдағы елшілік қызметіңіз аяқталып келгеннен кейін не Президент қабылдамай қойды, не Президенттің манайындағылар жолатпай қойды дедіңіз. Біртіндеп Қазақстанның саяси өмірінде «Азамат» деген қозғалыс дүниеге келді. Бұл қозғалысқа Сіздерді не біріктірді?

– Қабылдамағаны да, жолатпағаны да рас. Әңгіме онда емес. Сол кезде Қазақстан мен Қытай арасында үлкен мәселелерге – жер, су жағдайына, әсіресе, Іленің, Ертістің жағдайына, тағы басқа да маңызды мәселелерге дұрыстап көңіл бөлінбеді. Мен осы мәселелерге орай үндеу жасадым. Оған жеті-сегіз зиялы академик қол қойды. «Азамат» қозғалысы құрылды. Ғалым Әбілсейітов ол кезде Кеңес Одағының мемлекеттік сыйлығының лауреаты еді. Ядролық қару жасағандықтан ғалым ретінде беделі жоғары болатын. Ғалым табиғатынан ғажап еді, үнемі ізденісте жүретін. Түркітілдес халықтардың тарихын зерттеді. Ол бастаған жұмысын нәтижесіз қалдырмайтын, жанын салып, таза, өте сауатты атқаратын. Сол азаматқа қарап, қазақтың қарапайымдылығына сүйіспесін. Қазақстанды араладық. Жаңатасқа бардық. Солтүстікке барғанда жергілікті биліктерілер иттік жасады. Машинамызға темір салып жүрмей қалды. Тіпті, жол апатына апаруы мүмкін еді. Қарсылығымызды білдіріп, бейбіт митингтерге шықтық. Ғалымды он күнге қамады. Петр екеуіміз аштық жарияладық. Зейнеттегілер тамақ әкеледі, біз бас тарттық. Дәрігерлер қарады. Ғалымды шығармаса кетпейміз деп тұрып алдық. Жалпы, саяси сананың қалыптасуына «Азаматтың» көмегі көп болды. Ғалымға таңқалушы едім. Қазақшасы онша емес болса да, қазақи адам. Қазақтың бағына жаратылған азамат еді. Қайтадан Ресейге қайтуға мәжбүр болды.

– Заманның лебі сізді телевидениеге әкелді, екі жақсы бағдарламаның болды. Алдымен «Уақыт жалғастырған жер», одан кейін «Жібек жолының бойымен». Бұл телебағдарламалардың идеясы ойыңызға қалай келді? Ойыңызды қаншалықты жүзеге асыра алдыңыз?

– Мен өз өзіме баға бере алмаймын. Өйткені, адам жасы келгенде мақтаншақ бола береді. Өзімді өзенмен салыстырап едім. Өзен қалай басталды, солай аға береді. Бүгінде жора-жолдастарым, үзегілістерім бар. Өкінішке қарай, санымыз азайып барады. Өз басым қандай ортада да өз ойымды ашық айтамын.

– Мәскеуде оқыған кезден бері шындық үшін күресіп келесіз. Жылымықтың келгені, қайтадан сіздің елең-ескерілуіңіз сол күрестің нәтижесі деп ойлайсыз ба?

– Нәтижені ойласақ, өз пайдамызды ойлағандай боламыз. Сондықтан нәтиже іздеудің қажеті жоқ деп ойлаймын. Бір Жаратушы бар, Құдай жүрегінде. Істеген істеріміз адал, таза бола бергіні. Адамзаттың тарихы үлкен ойын сияқты, кейде сүйінесін, кейде күйінесін. Қазір кейбір таныстарым: «Бұрын егемендік, тәуелсіздік деп шырылдап жүруші едің, қазір соның бәрі келді» деп таңқалып жатады.

ӘКЕ ӨСИЕТІНЕ АДАЛДЫҚ

– Өткенде Семейге бардыңыз. Әкеніңізді Қайым Мұхамедхановпен тұрған ұстаз бен шәкірт деген ескерткішін көрдіңіз. Қасына суретке түстіңіз. Әкеніңіз «Шыңғыстауды арала, Абайдың елін арала» деген өсиеті бар еді...

– Тағдырыма әкемнің саналы тәрбиесі әсер етті деп ойлаймын. Әкемнің ұрпақтары Семейге, Қарауылға барып тұрамыз. Өзімнің екі немерем бар.

– Күнделіктің бір жерінде «кішкентай Маған тегін ұмытпаса екен» деп жазасыз...

– Көз тимесін, балаларыма ризамын. Қызым Голландияда тұрады. Ол үлкен қазақы тірлікпен айналысып, азаматтық жасап жүр. М.Қашқаридің Түркі тілдері сөздігін ғалымдардың арасында бірінші болып аударма жасады. Мағжанның ұлы, немерем бір жасқа келеді. «Барыс» орденін сол немереме бермекшімін. Сосын жақсы бір домбыраны сыйға тартамын. Құдайға мың да бір рахмет. Балаларым да немерелерімді саналы етіп тәрбиелейтініне сенемін.

– Ал енді соңғы сұрақ. Қай уақыттан бері Мұрат Әуез болдыңыз. Ов-ты алып тастасыз. Мұны немен түсіндіресіз және бұл тек кітаптың мұқабасында ма, әлде құжатта да осылай ма?

– Мен мұны табиғи нәрсе деп білемін. «Ов» деген тәуелсіздігімізге қайшы. «Ов»-ты орыстар айып етпесін, жек көремін, құтылғанымға қуаныштымын. Ең бірінші шетелдік паспортымды өзгерттім...

– Әңгімеңізге көп рахмет, Аға! Аман болыңыз.



АҢЫЗ АДАМ

ФУТБОЛ ПАТШАСЫ


Әр кезеңнің ұлы адамдары болады. Сондай ғажайып жандар ғаламды сүйсіндіреді. Ал істері көптеген жұртқа үлгі әрі өнеге.

Адамзаттың ең сүйіп көретін, тамсанатын спорты болады. Барша ғалам қызықтайтыны, ол – футбол. Дүниежүзілік FIFA, UEFA, т.б. сүйіп көрмейтіндер бірлі-жарым шығар. Тым құрығанда ақпарат көздерінен қайда, қай құрама кіммен ойнап жатқандығынан хабардар. Әсіресе, мұны қызықты қылатын аяқдоп шеберлері. Сондай жанның бірегейі, күллі әлем оның атақ-даңқын білген, жасыл алаңда допты ұршықша үйіріп, жанкүйерлерін тандандыра білген аңыз футболшы – Пеле еді. Жуырда ғана 82 жасында дүниеден озды. Осыған орай, бүкіләлемдік футбол аренасында аты мәшһүр болған футболшының өмір жолы туралы деректемелерді ұсынамыз.

МӘҢГІЛІК ДОСТЫҚ

Әлемде достық пен сыйластықтың үлгісін көрсетіп өткен даңқты тұлғалар аз болмаған. Ал оларға қарап жас ұрпақ бой түзеуден танбайды деп білеміз.

Әлемде ғажайып жандар көп. Әсіресе, көпке танылғандар арасындағы достық, бір-біріне құрмет аңыз болып айтылары хақ. Соның бірегейі, дүние жүзінде есімдері дүркіреген Пеле мен Марадона достығы. Былай қарап тұрсаңыз, екеуі де атактан кенде емес. Иеленбеген марапаттары жоқтың қасы. Жаһан футболы жанкүйерлерінің көзайымы. Тіпті, фавориттері. Оңтүстік Америка құрлығының екі мемлекеті Аргентина мен Бразилия аладоп шеберлері саналады. Дегенмен, әрқашан бірін-бірі қолдаудан танған емес-ті. Қайда жүрсе де қолдау білдіріп, бірінің мерейін екіншісі асырып жүрді. Марадона дүниеден өткенде «енді біздер жоғарғы әлемде футбол ойнаймыз» деп ой білдіріпті. Бұл да болса, досының қадір-қасиетін, шеберлігін мойындап, құрмет білдіргеннің бір белгісі болса керек. Енді атакты футболшы Пеленің өзі де мәңгілік сапарға аттанды. Бірақ артына мол мұра қалдырды. Ғаламға аты мәшһүр жандардың достығының қандай болу қажеттігі жөнінде зор эталон көрсете алды.



ТҮЙІН:

Бір сөзбен түйіндегенде, дүниеден бай да өтер, кедей де өтер, бірақ жасаған игі істер артымызда сайрап жатары анық. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз Пеле Бразилияның спорт министрі де болды, үш мәрте әлем чемпионы болды. Әйтсе де, даңғазалыққа бой алдырмады. Ұдайы қарапайымдылық пен адамгер-



ҒҰМЫРНАМА

Дүниеге танымал тұлғалардың арманы асқақ болған. Олардың балалық шағы қиын-қыстау кезеңдерге тап келген. Сондай тағдыр тоқпағын көрсе де, келер күннен үмітін үзбеген.

Пеленің балалық кезі қиыншылықпен өткен. Ол бір олигарх, бай-манап, шонжардың ұлы болмады. Ондай ауқатты әулетте дүниеге келмеді. Қарапайым Бразилияның қыстағында туылды. Ол сүрген XX ғасыр әлемде дағдарыс қамытын киген кез еді. Ішкерге тамақ таппай, үлкендеріне жұмыс табылмаған шақ-тұғын. Экономикалық, әлеуметтік инфляцияның қарыштап тұрған кезі болса да, сол уақыттағы адамдардың ой-санасы үнемі жоғары болды. Дәлірек айтқанда, әркім өз баласының мықты, қуатты, жігерлі болғанын көздеді. Сол мақсатпен түрлі үйірмелерге, спорт секцияларына қатыстырып бақты. Трес-Корасойнс – оның балалық шағының өткен жері. Аса бір ауқымды кент болмаса да, ол үшін ыстық мекен еді. Әкесі Жуан Рамос ду Насименту футболшы болды. Оны жұртшылық Дондиньо деген есіммен таниды. Ол аяқдоптың қыр-сырын меңгерген еді. Сондай мол тәжірибесінің арқасында баласы Эдсон Арантис ду Насиментуды 7 жасында футбол алаңына әкелді. Осы кезден бастап допқа деген балалық құштарлық еселене түседі. XX басында футбол ғаламдық деңгейге көтеріле бастады. Дәлірек, 1930 жылы үлкен жарыс орнады. Аргентина, Бразилия құрамалары көзге түсті. Осылайша көптің көзайымына айнала түсті. Біртіндеп жанкүйерлері артты. Атакты футболшылар шықты. Дами келе жарық жұлдыз Пеле көпті өзіне қарата бастады. Сөйтіп, оның аты баршаға танылды.

Осыдан екі жыл бұрын аргентиналық футбол жұлдызы Диего Армандо Марадона 60 жасында жүрек ұстамасынан қайтыс болғанда Пеле: «Біз әлі-ақ күндердің күнінде Марадона екеуіміз мәңгілік әлемде футбол ойнайтын боламыз» деген еді...

шілік қағидаттарына берік бола білді. Мұны жүріп өткен ғұмыр жолына қарап айта аламыз. Біз арнайы әйгілі футбол падишасы туралы үлгілі һәм өнегелі істері мен қасиеттері турасында аз-кем ой тұжырымдадық. Бәлкім, келешекте оның істері футболшы болуды көксейтін өрендерге үлгі болып қалар демекпіз.

БОКС

Халықаралық бокс қауымдастығы жылды қорытындылап, әлемдік рейтингті жаңартты.

КӨШ БАСТАДЫ

Оған сәйкес, ұлттық құрама жалпы есепте бірінші орынға көтерілді. Қайрат Сәтжанов баптайтын жігіттердің еншісінде 48 100 ұпай бар. Екінші орынға Өзбекстан құрамасы жайғасты және қос команда арасындағы айырмашылық айтарлықтай үлкен. Көрші елдің жігіттері 37 600 ұпай ғана жинады. Үздік үштікті Үндістан түйіндеп тұр.

ІВА рейтингісіне бас-аяғы 135 елдің боксшылары енгізілген. Ал ондағы ұпай құрлықтық және әлемдік чемпионаттардағы жетістіктерімен есептеледі. Айта кетейік, Иорданияда өткен соңғы Азия чемпионатында жерлестеріміз үш алтын жеңіп алған болатын. Халықаралық бокс қауымдастығы сайтында, әсіресе, Сәкен Бибосынов, Қамшыбек Қоңқабаев, Серік Теміржанов, Асланбек Шымбергенов, Сағындық Тоғамбай, Нұрлан Сапарбай және ағайынды Нұрбек пен Айбек Оралбайлардың есімі ерекше аталып өткен.



ХОККЕЙ

БАРЫС ДЕС БЕРМЕДІ

Жаңа жылдың алғашқы жекпе-жегінде «Барыс» хоккей клубы «Металлургті» жеңді. Бұл туралы Ұлттық Олимпиадалық комитеті мәлім етті.

Алаң иелерінің матчқа өтінімінде бір ғана өзгеріс болды. Үшінші орында тұрған Энтони Луис құрамға оралды. Есепті қонақтар ашты. Егор Коробкин қақпаға жақын тұрған Павел Акользинге керемет пас бере алды, ал «Металлургтің» 18-ші нөмірі Юлий Гудачекке мүмкіндік қалдырмады. Екі минуттан кейін магнитоорлықтар жылдам қарсы шабуыл ұйымдас-тырды, ал Брендан Лайпсик өз командасының артықшылығын нығайтты. «Барыс» ойынға екінші кезеңнің пердесінде оралды.

Алаң иелері озып кетті, ал ҚХЛ-дағы алғашқы шайбасын Тамерлан Гайтамиров лақтырды. Ал сиренадан бес секунд бұрын Дмитрий Шевченко айланып жүзеге асырды. Соңғы үштен бірінің басында тағы бір дебюттік гол болды. Оның авторы Александр Борисевич болды, ол Энтони Луисті қақпаның артынан берген пасын ұтымды пайдаланды. Нәтижесінде бұл шайба қазақстандықтарға жаңадан келген ойыншының жеңіс голына айналды. 5 қаңтарда Андрей Скабелканың шәкірттері Хабаровскіде «Амурмен» ойнайды.

ТЕННИС

РЫБАКИНА – ЕКІНШІ АЙНАЛЫМДА

Әлемдік рейтингте 21-ші орында тұрған Қазақстанның алғашқы ракеткасы Елена Рыбакина жаңа маусымды австралиялық Аделаидадағы WTA 500 турнирінде АҚШ-тан Даниэль Коллинздің 14-ші ракеткасын жеңуімен бастады.



Ұлттық Олимпиадалық комитеттің дерегі бойынша, ол үш сетте жеңіске жетті – 5:7, 6:2, 6:3. Жеке кездесулердегі есеп тең болды – 1:1.

Бетті әзірлеген Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



МӘМС

ЖАСӨСПІРІМНІҢ ЖАҒДАЙЫ ЖАҚСЫ



Алматының №1 қалалық клиникалық ауруханасының торакальды хирург-дәрігерлері жаңа жыл қарсаңында тағы бір күрделі де сәтті ота жасап, 15 жасар жасөспірімнің кеудесіне шыққан үлкен өскінді алып тастады. Ота міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру есебінен жасалған.

Науқастың айтуынша, кейінгі бір жылда тамағынан қақырық шығуы қиындап, жөтел мазалаған. Дәрігерлер тағайындаған антибиотиктер де нәтиже бермеген. Сондықтан мамандар оны қосымша тексеруге жіберген. Флюорография мен кеуде қуысына жасалған компьютерлік томография сол жақта алдыңғы медиастина түзілгенін көрсеткен. Торакальды хирургтар алдын ала кеңесе келе пациентті №1 аурухананың торакальды хирургия орталығына жоспарлы түрде жатқызу туралы шешім қабылдаған.

Торакальды хирургия орталығының меңгерушісі Нұрлан Жарылқапов, операциялық блок меңгерушісінің міндетін атқарушы

Мұқтар Нысанбай, анестезиолог-реаниматолог Арман Алпысбаевтың қатысуымен жүрек пен күретамырларға жақын орналасқан өскін алып тасталды. Екі сағаттық ота сәтті өткен. Сөйтіп, кәсіби жасалған хирургиялық отаның нәтижесінде жас пациент ауырсынуудан да, ағзаны әлсірететін жөтелден де құтылды.

Осы орайда айта кетейік, аурухана ең заманауи диагностикалық жабдықтармен жабдықталған. Бұл тіпті кеуде органдарында кездесетін өте күрделі жағдайларда да нақты диагноз қоюға мүмкіндік береді. Операциялық блок меңгерушісінің міндетін атқарушы Мұқтар Нысанбайдың айтуынша, торакальды хирургия орталығында

кеуде қуысына, өкпенің, трахеяның, медиастинаының, өңештің, сүт безінің қатерсіз ісігіне, сондай-ақ трахея мен бронхқа, кеуде қуысының деформацияларына операциялардың кең спектрін жасауға мүмкіндік бар. Бөлімше хирургиялық көмекті МӘМС арқылы да, ақылы түрде де көрсетеді. Шалғай аймақ тұрғындары мамандардан телефон мен электронды пошта арқылы онлайн кеңес ала алады. Сондай-ақ, көшпелі консультациялар мен операциялар ұйымдастыру мүмкіндігі бар.

Естеріңізге сала кетейік, 18 жасқа дейінгі балалар мемлекет тарапынан сақтандырылған және тегін медициналық көмек ала алады.

ИНДЕТПЕН КҮРЕС

Сапарды кейінге шегеріңіз

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Қытай елінде ковидтің өршуіне байланысты отандастарымызды ол жаққа әзірге сапарлатпауды ескертіп отыр.

Біздің елге келетін қытайлық азаматтар үшін әзірге шектеу қойылмайтынын да атап өтті. Ал АҚШ, Франция, Австралия, Канада, Ұлыбритания, Жапония мен Үндістан бұған дейін өздеріне Қытайдан келетін жолаушылар үшін тест тапсыруды міндеттеп қойған болатын. Марокко болса, Қытай жерінен келетіндерді шекарасынан өткізбеуге шешім қабылдап қойған.

Бүгінгі күні Шанхай ауруханаларына күн сайын коронавирус жұқтырған мыңдаған науқас түсіп жатқан көрінеді. Олардың басым бөлігінің жасы 65-тен асқандар.



Ал біздің елде өткен жылдың желтоқсан айында қараша айымен салыстырғанда ковид жұқтыру көрсеткіші 2,3 есеге өскені белгілі болған. Мәселен, кеше 2600 адам коронавирус инфекциясынан емделіп жатқаны белгілі болды. Олардың ішінде 259 пациент стационарда, 2341 науқас амбулаториялық деңгейде ем қабылдауда. КВИ+, КВИ- шалдыққандардың арасында 7 адамның жағдайы ауыр, 6 пациенттің жағдайы өте ауыр, 2 науқас ОЖЖ аппаратында жатыр.

ҚАУІПТІ ПРЕПАРАТ



Үнді дәрісі улап жатыр

Өзбекстан елінде тағы бір бала тұмауға қарсы үнді препаратынан уланып қалған көрінеді. Жергілікті дәрігерлердің айтуынша, үш жасар бүлдіршін қазір жансақтау бөлімінде жатыр. Халі ауыр.

Бұған дейін дәл осы үнділік «Док-1 Макс» препаратынан 19 баланың көз жұмғаны хабарланған болатын. Сондықтан қазіргі уақытта аталған препараттың таблеткалары мен сироптары Өзбекстанның барлық дәріханасынан алынып тасталған.

Ал Үндістан билігі препарат шығаратын компанияға қарсы іс қозғады.

БІР КҮН



ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ

33 мыңнан астам шақыртуға қызмет көрсетті

Жаңа жылды қарсы алатын күндері шұғыл медициналық қызмет жұмысының қауырт болатыны белгілі.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, 2023 жылғы 1 қаңтарда еліміз бойынша жедел медициналық көмек қызметі 33370 шақыртуды қабылдап және қызмет көрсеткен, бұл орташа айналымнан 20%-ға жоғары.

Бұл жағдайда жеделдіктің бірінші санатындағы қоңыраулар (мысалы, кеудедегі ауырсыну, шок, тыныс алудың тоқтауы және басқа да жағдайлар бойынша) 4%-ды құрайды.

Жеделдіктің екінші санатындағы қоңыраулар 23%-ды құрайды. Бұл санатқа жүрек қағысының бұзылуы, атипті ауырсыну немесе оқшауланған жарақат сияқты және басқа да шақыртулар жатады. Үшінші санаты бойынша шақыртуға ЖМК бригадалары 9,5 мыңнан астам жағдайда (28%) шыққан.

Ал ең үлкен үлесі – 4 санат (созылмалы аурулардың асқынуы) қоңыраулардың 45%-ын құрайды.

ТЫҢ ЖАҒАЛЫҚ



«Алтын стандарт» қолданыла бастады

Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтында бейнекапсулалық эндоскопия арқылы жіңішке ішекті зерттеп-қараудың «алтын стандарты» қолданыла бастады. Бұл әдіс гастро және колоноскопияның дәстүрлі әдістері үшін қолжетімсіз жіңішке ішек аймақтарын көзбен көруге мүмкіндік береді, дейді институт басқармасының төрағасы, медицина ғылымының докторы, профессор Роза Қуанышбекова.

«Зерттеудің бірегейлігі – жіңішке ішекті бүкіл уақытта қарап-тексеруге болады. Пациент ыңғайсыздықты сезінбейді, зерттеу үшін анестезия қажет емес. Ем-шара ауырсындырмайды. Бейнекапсула бір реттік, сондықтан пациент инфекция жұқтырмайды. Зерттеуді амбулаториялық жағдайда да, стационарлық жағдайда да жүргізуге болады», – дейді клиника басшысы.

Сонымен қатар, заманауи капсулалар жасанды интеллект жүйесімен жабдықталған, кескін сапасы айтарлықтай жақсарды.

Клиниканың эндоскопия және интервенциялық гастроэнтерология бөлімінің меңгерушісі Владислав Зелинский түсіндіргендей, асқазан-ішек жолын ем-шараға дайындағаннан кейін, зерттеу күні пациенттің беліне жазу құрылғысы бекітіледі.

Пациент капсуланы әдеттегі

таблетка сияқты жұтады. Капсула табиғи түрде асқазан-ішек жолымен қозғалады, кіріктірілген камера суретке түсіреді, барлық ақпарат жазу құрылғысына жіберіледі. Әдетте алынған жазбаның ұзақтығы 14-15 сағатты құрайды. Эндоскопист дәрігер алынған мәліметтерді талдайды және қорытынды береді. Біраз уақыттан кейін капсула денеден табиғи түрде шығып кетеді.

Бұл зерттеу әдісі темір тапшылығы анемиясы кезінде жіңішке ішектен қан кетуге күдік болған кезде, нәжістің жасырын қанға оң талдауы, жіңішке ішектің қабыну аурулары, соның ішінде тұқым қуалайтын полипоз синдромдары бар пациенттерде Крон ауруы мен жіңішке ішектің ісігіне күдік болған кезде, шығу тегі белгісіз іштің ауыруы және этиологиясы түсініксіз тез салмақ жоғалту кезінде көрсетілетінін айта кеткен жөн.



СЫЙЛЫҚ

Жаңажылдық тарту

Алматының Түрксіб ауданында көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балаларына жаңажылдық сыйлықтар таратылды.



Айнұр
СЕНБАЕВА



Жаңа жылдық шара Түрксіб ауданының «Бақытты отбасы» әлеуметтік орталығында өтті. Жағдайы төмен отбасылар мен көпбалалы отбасынан шыққан балалар және мүгедектігі бар 100 шақты бала мерекелік сыйлықтарға ие болды.

Сыйлықтарды Алматы қаласы Мәслихатының депутаты Шухрад Шардинов тапсырды. Депутаттың айтуынша, Түрксіб ауданында әлеуметтік қолдауды қажет ететін бес мыңнан астам отбасы тіркелген. Мәслихат депутаттары «Бақытты отбасы» орталықтарымен тұрақты түрде ынтымақтастыққа жұмыс істеп, әрдайым қолдау білдіріп отырады.

Жаңа жыл қарсаңында халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларға жаңажылдық сыйлықтар үлестіру дәстүрі бес жылдан бері жалғасып келеді. Мұндай игі дәстүр балаларға жаңажылдық көңіл күй сыйлайды.



ПРЕМЬЕРА

МҰЗ ҮСТІНДЕГІ ШОУ



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Мерекке күні алып «Алматы Арена» үлкен-кішіге лық толды. Олар шығыстың әйгілі «Аладдин» ертегісін тамашалады. Бұл ертегінің ерекшелігі сол – шымшытырық қызықты оқиғаларға құрылған шығарма мұз үстінде қойылды. Оған Қазақстанның ең үздік мәнерлеп сырғанаушылары қатысты. Және де бұл еліміздегі ең алғашқы мұз-шоу болды.

Басты рөлдегі Аладдинді Егор Мурашов шебер орындап шықты. Ол көптеген халықаралық жарыстардың жеңімпазы, мәнерлеп сырғанаудан Ресей кубогы кезеңдерінің жүлдегері, мәнерлеп сырғанаудан Швейцария ұлттық құрамасының мүшесі. Ал оның ғашығы – Жасмин ханшайымның рөлін ойнаған Элизабет Тұрсынбаева да осал емес екен, әлем чемпионатының күміс жүлдегері (2019), Қазақстанның төрт дүркін чемпионы (2014–2017), Қысқы Азия ойындарының қола жүлдегері (2017), әйелдер арасында мәнерлеп сырғанау тарихында тұңғыш рет, 2018-2019 жылғы маусымда төрт рет сальхомен

секіруді орындаған (2019), «Әлемдегі ең үздік мәнерлеп сырғанаушы ТОП 4-ке» енген.

Құмыраның ішінен шығатын Жын – Рахат Бралин, мәнерлеп сырғанаудан Қазақстан Республикасы чемпионатының екі дүркін күміс жүлдегері (2019, 2021), халықаралық чемпионаттардың жеңімпазы. Ал осы кейіпкерлерге қарсы жаман пиғылдағы Джафар кейіпкерді Михаил Шайдоров сомдады. Ол Қазақстанның үш дүркін чемпионы (2019–2021), халықаралық чемпионаттардың жеңімпазы.

Мұз үстіндегі сахна базардағы қайнаған тірлікпен ашылады. Тұлдыр жетім Аладдин қарнын тойдыру үшін Абу деген маймыл досы екеуі әр саудагерге бір ұрлыққа түсіп жүреді. Бір кезде Аладдиннің көзі жетім балаларға нан берген бір қызға түседі. Ол Жасмин ханшайым болатын. Екеуінің арасында махаббат ұшқындайды.

1 сағат 45 минутқа созылып, үзіліссіз өткен мұз-шоу үлкен-кішіні

еш жалықтырмады. Қайта қызықтырған үстіне қызықтыра түсті. Алаңғы, артқы орындарда отырған кейбір балақайлар ертегі желісін жақсы білетіндіктерін байқатып, кейіпкерлерінің атын жарыса айтып отырды. Ал конькидегі спорт шеберлері бірнеше мәрте айналып сальто жасағанда, бәрі «вау» деп, бір сәт іштерінен тына қалып, сосын ду қол шапалақтай жөнеледі.

Мұз үстіндегі спектакльде әдемі де сырлы әңгімелер желісі көп болды. Күрделі трюктар орындалды. Жоғары технологиялық пейзаж да, керемет жарық шоуы мен арнайы эффекттер де қойылымның құндылығын арттыра түсті.

«Аладдин» мұз-шоуына жиырма шақты фигурист қатысты. Ал жаппай көріністе қырыққа жуық адам өнер көрсетті. Зұлымдық пен адамдық тайталасқа түскен спектакль соңында Аладдин мен Жасмин қосылады. Ертегінің осылай бақытты аяқталғанына көрермен балалар да мәз болды.



НЕ?

«Бес бойдаққа бір той»

- Өтетін орны: М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры.
- Спектакль авторы: Әубәкір Рахимов.
- Қоюшы-режиссері: А.Құдайберген.
- Режиссердің ассистенті – Б.Тұрыс.
- Жанр: драма.
- Ұзақтығы: 1 сағат, 40 минут.
- Күні мен уақыты: 10 қаңтар, 18.30.



ҚАЙДА?

АЛПЫСБАЙ КАЗЫҒҰЛОВТЫҢ
жеке көрмесі
ӘР АЛУАН ӘЛЕМ / МНОГОЛИКИЙ МИР
персональная выставка
АЛПЫСБАЯ КАЗҒҰЛОВА

22.12.22 - 22.01.23

Алматы, Коптев-3, 22/1, +7 (727) 394 57 15, www.gml.kz

«Әр алуан әлем» көрмесі

- Өтетін орны: Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі.
- Күні мен уақыты: 11 қаңтар, 18.30.



ҚАШАН?

«Шымбұлақ» тау курорты

- Мекенжайы: Керей, Жәнібек хандар көшесі, №640 Б.
- Күні мен уақыты: Күн сайын 10.00-де басталып, 21.00-ге дейін.





МАРАФОН



Жыл басындағы жарыс

Алматының Баум тоғайында 1 қаңтар күні мерекелік марафон өтті. Жылдың алғашқы жүгірісіне 1,5 мыңға жуық адам қатысқан. Баум тоғайындағы дәстүрлі жарыс Алматы қаласы Спорт басқармасының қолдауымен «Экстремалды атлетика» қоғамдық бірлестігі бастамашылығымен ұйымдастырылды.

Марафон мақсаты – жаңа жылдың алғашқы күнін көңілді әрі пайдалы өткізу. Әдетте кеш қарайғанша той тойлап, ертеңіне түсте бір-ақ оянытын адамдар 1 қаңтар күні не істерлерін білмейді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл марафон қала тұрғындарына жылдың бірінші күнін бос өткізбегуге көмектеседі.

«Бұл марафон бәсеке ретінде өтпейді. Тек адамдар бірге жиналып, әуесқой жарыс форматында жаңа жылды спорттық көңіл күймен қарсы алады. Сондықтан марапаттау қарастырылмаған. Бірақ мәреге жету уақыты міндетті түрде тіркеледі», – дейді ұйымдастырушылар.

Негізгі марафонға қатысушылар жалпы үш қашықтықты жүріп өтті. Олар: 42 шақырым – толық марафон, 21 шақырым – жартылай марафон және 7 шақырым – скандинавиялық жүріс. Сондай-ақ, балаларға арналған 2023 метрлік жарыс жолы да болды. Шара барысында қосымша каникросс жарысы да ұйымдастырылды. Оның ережесі бойынша қатысушы өзінің итімен бірге 7 шақырымды жүріп өтуі керек.

«Экстремалды атлетика» ҚБ өкілдерінің айтуынша, бұрын бұл мерекелік іс-шара ресми түрде «Алматы жаңа жылдық марафоны» деп аталған. Алайда, 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап, жыл сайын марафон географиясы кеңейіп отырған. Жаңажылдық жарысқа адамдар көрші елдерден арнайы келген. Сонымен қатар, осы күні өзге де Орталық Азия елдерінде жарыстар өтетін болды.

«Биыл Алматы марафонында 1,5 мың қатысушы тіркелді. Олармен бірге жаңажылдық марафон Шымкент, Қостанай, Астана, Ақтөу және Бішкек қалаларында өтті. Сондай-ақ, Ташкентте бізбен қатар жыл сайын өздерінің жүгірістері өтіп тұрады. Биыл Өзбекстан астанасына 200 медаль жібердік. Спорттық клубтардың капитандары командалық қатысуға өтініш бере алады, сонда оларға мәре медальдарын жібереміз», – деді ұйымдастырушылар.

Айта кеткен жөн, марафонға әлемнің кез келген жерінен виртуалды түрде қатысуға болады. Онлайн-жарысқа қатысушылардың жүлдесі пошта арқылы жіберіледі. Спорттық шара тарихында виртуалды жаңажылдық марафонға әлемнің әртүрлі түкпірлерінен – Канададан Австралияға, Шри-Ланкадан Оңтүстік Африкаға дейін қатысушылар болған.

Алматыда 1 қаңтар күні тағы бір игі іс өтті. Мегапо-



листің Қарағайлы орманында қылқан жапырақты ағаштар отырғызылды.

«Бұрын жаңа жыл кезінде адамдар шырыштарды түбінен кесіп алатын болса, қазір керісінше отырғызатын болды. Жаңа жылды қалай қарсы алсаң, алдағы жылдың солай өтеді деген ырым бар. Біз бірнеше жыл қатарынан жылды игі іспен бастап жатырмыз», – деді экобелсенділер.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

КӨБЕЙ, ҚАЗАҚ!



2023 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ КҮНІ

Қазақстанда 782 бала дүниеге келді

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, елімізде жаңа жыл түні 240 сәби – 125 ұл және 115 қыз, оның ішінде бір жұп егіз дүниеге келген.

Мереке түнінде жаңа туған нәрестелердің ең көп саны Түркістан облысында 44 бала тіркелген. Екінші орында Атырау облысында 29 бала дүниеге келді. Ал Алматыда 28 отбасы жаңа мүшемен толыққан. Республика астанасында 17 сәби дүниеге келді.

Ал Қоян жылының бірінші күні республика перзентханаларында 782 бала, 398 ұл және 384 қыз, оның ішінде үш жұп егіз дүние есігін ашыпты. Мереке күні туған нәрестелердің ең көбі Түркістан облысында тіркелген – 115 бала. Екінші орында – Алматы, 83 балаға толықты. Үшінші – Шымкент қаласы, онда бірден 69 сәби дүниеге келді. Ел астанасында 1 қаңтарда 60 нәресте өмірге келіпті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

МУЛЬТСЕРИАЛ

21.30 Тұсаукесер! Алматы ән қанатында
22.00 Мужское кино
0.00 Мужское кино
2.00 Обо всем без купюр (повтор)
2.30 Алматинские истории
2.55 Алматинские каникулы
3.05 Алматы кеші
3.50 Концерт
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.30 AQPAPAT
7.05 «Күміс көмей»
8.00 «Зинһар»
8.45 «Әйел әлемі»
9.20 «Көңіл толқыны»
10.00 «Жүректегі күз». Телехикая.
12.00 «Ән мен әнші»
14.25 Дисней ұсынады. «Күлшек 3». Мультфильм (АҚШ, 2007 ж.)
15.30 «Көңіл толқыны»
16.45 «Нартәуекел». Зияткерлік-сауықтық телевикторина.
18.00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». Телехикая.
20.00 AQPAPAT
20.25 АҚБОТА КЕРІМБЕКОВАНЫҢ КОНЦЕРТІ
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (с субтитрами)
23.30 «АЙКА». Көркем фильм (Қазақстан, Ресей, Германия, Польша, 2018 ж.)
1.10 AQPAPAT
1.35 «Зинһар»
2.20 «Жәдігер»
2.45 «Әйел әлемі»
3.20 Өнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Қызық times»
06.15 Концерт. «Жүрегім ақ» Айқын Төлепберген
08.30 «Көмбе»
09.10 «Daryn»
10.00 Мегахит.
«Безбашенная пуля»
12.00 Мультфильм.
«Диномама»
13.30 Телехикая марафоны.
«Келінжан»
17.00 «Маска»
19.00 Мейрамбек Бесбаевпен «Covershow»
21.00 Ақпарат арнасы
«7 күн» сараптамалық бағдарламасы
21.40 Деректі фильм.
«Бұл осылай болған еді»
22.15 Мегахит. «Акт мести»
01.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Тамаша live
08.00 «Күліп ALL»
09.00 Мультсериал
«Маша и медведь»
10.00 «Алдараспан»
12.10 КИНО. «О, Мәриәм, Мәриәм»
14.00 Анимационный фильм
«Три богатыря и принцесса Египта»

15.20 КИНО. Сильвестр Сталлоне, Джейсон Стэйтем в боевике «Неудержимые 3» (повтор)
17.30 КИНО. Малик Диуф, Чау Бель Дин в боевике «Ямакаси»
19.00 КИНО. Крис Эванс в фантастическом боевике «Первый мститель»
21.10 КИНО. Милла Йовович в боевике «Обитель зла 4. Жизнь после смерти»
22.50 «Bizdin show»
23.20 What's up?
00.30 «31 әзіл»
02.30 Тамаша live
03.00 Әзіл студия
04.00 1001 Әзіл
04.30 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.35 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.25 «ПРОУЮТ»
9.15 Сергей Астахов, Екатерина Волкова, Даниил Белых в комедии «НОВОГОДНЯЯ ЗАСАДА»
11.00 Александр Дьяченко, Алёна Ивченко, Олег Масленников в фильме «В ДВУХ КИЛОМЕТРАХ ОТ НОВОГО ГОДА»
12.45 Наши любимые комедии. «САМОГОНЩИКИ», «ПЕС БАРБОС И НЕОБЫЧНЫЙ КРОСС»
13.20 Наши любимые комедии. «ОПЕРАЦИЯ «Ы» И ДРУГИЕ ПРИКЛЮЧЕНИЯ ШУРИКА»
15.05 «ДВЕ ЗВЕЗДЫ. ОТЦЫ И ДЕТИ», НОВОГОДНИЙ ВЫПУСК
16.55 Фёдор Добронравов, Ирина Чериченко, Нина Дворжецкая, Виктор Добронравов, Александра Урсуляк в фильме «ДЕВУШКА С КОСОЙ»
18.30 «АЙНА» бағдарламасы. Тікелей эфир
19.00 ПРЕМЬЕРА СЕЗОНА! «Х ФАКТОР». Девятый сезон. Прямой эфир
20.45 Екатерина Тышкевич, Александр Соколов, Влад Никитюк в фильме «СЕ ЛЯ ВИ»
23.00 «Х ФАКТОР». ИТОГИ ГОЛОСОВАНИЯ. Прямой эфир
23.30 «СЕ ЛЯ ВИ». Продолжение
0.40 Ночной кинотеатр.
«ВЗЛОМ»
2.20 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?». Зимняя серия игр
3.15 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
4.00 «П@УТИНА» бағдарламасы
До 4.45

7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.50 Jaidarman
08.20 Т/п «Құтты қонақ»
09.00 Т/п «Гадалка»
09.30 Т/п «Регина+1»
10.30 Х/с «Огненный ангел»
15.00 Т/х «Жорға»
16.00 К/ф «Қайта оралу»
18.30 Bile
21.00 Шоу «Маска»
00.40 Х/ф «Текст»
02.30 Jaidarman
02.40 Т/х «Япырай»
03.30 Т/п «Тамаша»
05.00 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «OZAT OTBASЫ», ток-шоу

07.50 «ТОҒЖАН», отандық телехикаясы. С субтитрами на русском
08.40 «КТКweb» (қайталау)
09.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
09.40 «ЮМОРИНА», шоу-программа
11.30 «ДВИГАТЕЛЬ ВНУТРЕННЕГО СГОРАНИЯ», (повтор) (худ.сериал)
15.30 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы (худ.сериал)
17.00 «ДРУГОЙ», мелодрама (худ.сериал)
21.00 «ГДЕ-ТО НА КРАЮ СВЕТА», мелодрама (худ.сериал)
00.30 «ТАЙНА ЛИЛИТ», детективная мелодрама (худ.сериал) (повтор)
02.20 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы (қайталау) (худ.сериал)
03.35-
04.20 «OZAT OTBASЫ», ток-шоу (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Өнұран
07.05 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Әлем Чемпионаты. Уэльс – Англия
09.10 «QAZSPORT алаңы» ТОК-ШОУ
09.55 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. (Ерлер) 3 тур. «Буревестник-Алматы» – «Жайық». Тікелей эфир
11.55 «Медеуден – Олимпиада айдынына». Мәдіғали Қарсыбеков. Деректі фильм
12.25 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. (Ерлер) 3 тур. «Ұшқын-Көкшетау» – «Алтай». Тікелей эфир
14.25 «АЛАМАН». 8 бағдарлама
14.55 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. (Ерлер) 3 тур. «Есіл СК» – «Тараз». Тікелей эфир
16.50 ХОККЕЙ. КХЛ. «Барыс» (Астана) – «Нефтехимик» (Нижнекамск). Прямой эфир
19.30 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
20.20 «С VOLLEY К ПОБЕДЕ». 3 сезон. 7 выпуск
20.45 ММА. «ALASH PRIDE 76»
23.50 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа мен Конференция Лигасының шолуы
00.40 Өнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Еркетай»

7.40 «Көңілді құндыз» Мультхикая.
8.05 Анимация. Отандық / «Күлкі іздеген Күнекей»
8.30 Анимация. Отандық / «Әсем әуенс»
8.50 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
9.05 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
9.15 «Дарын мен Айзере» ситком
9.30 Анимация. Отандық / «Алан мен Қозықа»
10.00 Жаңа маусым! Анимация. Отандық / «Дүлдүл»
10.05 «Супер әке» Мультхикая.
10.35 Анимация. Отандық / «Кемпіркөсақ»
10.45 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
11.20 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.
11.45 Анимация. Отандық / «Экосарбаздар»
11.55 «Анаммен бірге/әкеммен бірге» ойын-сауықтық бағдарлама.
12.00 Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
12.15 Анимация. Отандық / «Бала Бекзат»
12.35 Анимация. Отандық / «Қалалар мен балалар»
12.50 «Винкстер клубы» Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық / «Менің елім»
13.25 Анимация. Отандық / «Күлкі іздеген Күнекей»
13.45 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
14.15 Анимация. Отандық / «Кемпіркөсақ»
14.30 Анимация. Отандық / «Қалалар мен балалар»
14.40 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
15.00 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
15.15 Анимация. Отандық / «Сәби»
15.30 «Көңілді құндыз» Мультхикая.
15.55 «Супер әке» Мультхикая.
16.25 «А4» ситком.
16.55 Анимация. Отандық / «Бөпе»
17.05 Жаңа маусым! Анимация. Отандық / «Дүлдүл»
17.10 Анимация. Отандық / «Жібек»
17.20 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
17.50 «Дарын мен Айзере» ситком.
18.05 «Анаммен бірге/әкеммен бірге» ойын-сауықтық бағдарлама.
18.15 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
18.30 Анимация. Отандық / «Алан мен Қозықа»
19.00 Анимация. Отандық / «Еркетай»
19.30 Тұсаукесер! «Этикет әлемі» танымдық бағдарлама
19.45 Анимация. Отандық / «Күлкі іздеген Күнекей»

20.05 «А4» ситком.
20.35 Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
20.45 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
21.15 Анимация. Отандық / «Әсем әуенс»
21.35 «Винкстер клубы» Мультхикая.
22.00 Жаңа маусым! «Әжемнің ертегісі» кешкі ертегі.
22.15 Анимация. Отандық / «Менің елім»
22.30 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.
22.55 «Теңбіл доп» телехикая.
23.35 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANATV

07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.10 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы
10.00 «Жетім жүрек 2» үнді телехикаясы
12.00 Шаншар
15.00 «Кенже» телесериал
18.50 «Жұлдызбысың»
20.00 «SagarTimes» апталық-сараптамалық бағдарламасы
21.00 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы
21.55 «Жетім жүрек 2» үнді телехикаясы
23.45 «Родной ребенок» Худ. фильм
02.20 «Көру керек!» бағдарламасы

TALIM TV TALIMTV

07.00 Семейный доктор
07.40 Тәлім History
08.10 Емен-жарқын
09.00 Абайдың жолы
09.30 Менің анам, менің әкем
09.55 Саулықтың сыры
10.10 Жүйріктер – мультфильм
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 Ғибратты ғұмырлар
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Ой-талқы
13.10 Саулықтың сыры
13.30 Ақжол, Самал
14.10 Dara тіл
14.30 По душам
14.50 Ұлт саулығы
15.00 Айтыс Strike
16.30 Майдангерлер – таласфильм
17.00 Саулықтың сыры
17.10 Views
18.20 Саммари 100 кітап
18.30 «Балалар сөзі – өсиет» – Терме
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Қазақы әңгіме
19.35 ТамашаLike
20.00 Жиырма бесінші сағат
21.00 YouTube Times
22.55 Views



«КЕЛІНЖАН» телехикаясы. 4-маусым. «Хабар» арнасы. Сағат 13.30-да.

ЖЕКСЕНБІ
15 ҚАҢТАР

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
7.00 Үздік әзілдер
8.00 Балалар кино клубы
9.00 Мультфильмы
9.20 Детский кино клуб.
Заколдованная гора
11.00 Жұлдызды такси
(жаңа маусым)
11.20 Сәлем, Алматы!
12.00 Әзіл әлемі
15.00 Женский кино клуб
19.00 Концерт
20.30 Тұсаукесер! Айтыс.
Біржан-Сара ізімен
22.00 Мужское кино
0.00 Мужское кино
2.30 Бақытты отбасы
(қайталау)
3.00 Алматы тұнған тарих
3.25 Алматинские истории
3.50 Алматы кеші
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.30 AQPAPAT
7.00 «Дәуір даналары».
Деректі фильм
«Күй-керуен»
7.50 «Ақсауыт»
8.20 «Ақсауыт»
8.45 Қуандық Рақымның
концерті
10.00 «Жүректегі күз».
Телехикая.
12.00 Дисней ұсынады.
«Күлшек 3».
Мультфильм
(АҚШ, 2007 ж.)
13.05 «Әзіл әлемі»
15.15 Ақбота Керімбекованың
концерті
17.25 «ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ»
18.00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ».
Телехикая.
20.00 «АРТА». Сараптамалық
бағдарлама. Тікелей
эфир
20.55 «НАРТӘУЕКЕЛ».
Зияткерлік-сауықтық
телевикторина
22.30 «БАУЫРЛАР».
Телехикая.
(с субтитрами)
23.30 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ»
0.40 «Арта». Сараптамалық
бағдарлама
1.30 «Ақсауыт»
1.50 «Күй-керуен»
2.20 Өнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Қызық times»
06.15 Концерт. «Алашұлы»
08.15 «Әке бақыты»
09.15 «Балақай»
10.00 Мегахит. «Акт мести»
12.00 Мультфильм. «Вилли и
крутые тачки»
13.30 Телехикая марафоны.
«Келінжан»
17.30 «Маска»
19.30 Тұрсынбек Қабатовтың
«Jur-jubuten» шоуы
21.00 Информационный
канал – аналитическая
программа «7 күн»
21.40 «Отдел журналистских
расследований»
22.15 Мегахит. «Хранитель»
00.00 «Культурный контекст»
01.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 What's up?
08.00 Тамаша live
09.00 «TeleBingo» прямой
эфир
09.30 КИНО. «О, Мәриәм,
Мәриәм» (повтор)
11.20 Мультсериал
«Маша и медведь»

11.50 Анимационный фильм
«Три богатыря и
принцесса Египта»
(повтор)
13.10 КИНО. Джесси
Айзенберг в боевике
«Зомбилэнд».
контрольный выстрел»
(повтор)
14.50 КИНО. Малик Диуф,
Чау Бель Дин в боевике
«Ямакаси» (повтор)
16.20 КИНО. Крис Эванс
в фантастическом
боевике «Первый
мститель» (повтр)
18.30 КИНО. Марк Уолберг, Джейсон
Стэйтем в боевике
«Ограбление по-
итальянски»
20.30 КИНО. Крис Пайн
в фантастическом
боевике «Звездный
путь»
22.40 «Алдараспан»
00.00 «31 әзіл»
01.30 What's up?
02.00 Тамаша live
03.00 Әзіл студия
04.00 1001 Әзіл
04.30 Ризамын
05.00 «31 әзіл»
05.30 What's up?

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
8.00 «П@УТИНА»
бағдарламасы
8.50 «ВОСКРЕСНЫЕ
БЕСЕДЫ»
9.00 Анастасия Зюркалова,
Лидия Вележева,
Игорь Филиппов,
Любовь Полищук,
Валентин Гафт в фильме
«СНЕЖНАЯ ЛЮБОВЬ,
ИЛИ СОН В ЗИМНЮЮ
НОЧЬ»
11.10 «QAIYMAK»
11.45 «СЕ ЛЯ ВИ».
Многосерийный фильм
15.10 «Х ФАКТОР».
Девятый сезон
17.15 Карина Андоленко,
Сергей Перегудов в
фильме «НОВОГОДНЯЯ
ЖЕНА»
19.00 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР,
КАЗАХСТАН!»
20.00 «ГРАНИ». Прямой эфир
21.00 Ирина Гришак,
Анна Сагайдачная в
многосерийном фильме
«ТРОСТИНКА НА ВЕТРУ»
0.30 «ПОЕМ НА КУХНЕ ВСЕЙ
СТРАНОЙ». Новогодний
выпуск
2.40 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
4.00 «П@УТИНА»
бағдарламасы
До 4.45

7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Віле
08.40 Т/п «Құтты қонақ»
09.00 Т/п «Гадалка»
09.30 Т/п «Смеяться
разрешается»
11.00 Шоу «Маска»
15.00 Т/х «Жорға»
16.00 К/ф «Аманат»
18.40 Берекелі мереке
21.00 Х/с «Алмазная корона»
00.30 Т/п «Құтты қонақ»
01.10 Берекелі мереке
04.25 Т/п «Тамаша»
05.10 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «ДОСТЫҒЫМЫЗ
ЖАРАСҚАН»
08.10 «OZAT OTBACЫ»,
ток-шоу
09.00 «ТОҒЖАН», отандық
телехикаясы. С
субтитрами на русском

10.00 «ЮМОРИНА», шоу-
программа
12.10 «ГДЕ-ТО НА КРАЮ
СВЕТА», мелодрама
(повтор) (худ. фильм)
15.30 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек
телехикаясы
(худ. сериал)
18.10 «ӘЗІЛІМ БАР АСТАРЛЫ»,
әзіл мен ән думан кеші.
Тұсаукесер!
21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с
Артуром Платоновым
22.00 «ДОС-МУКАСАН».
Премьера
казахстанского кино!
23.40 «ТАЙНА ЛИЛИТ»,
детективная мелодрама
(худ. сериал) (повтор)
01.40 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек
телехикаясы (қайталау)
(худ. сериал)
03.20-
04.30 «ДОСТЫҒЫМЫЗ
ЖАРАСҚАН» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Өнұран
07.05 ХОККЕЙ. КХЛ.
«Барыс» (Астана)
– «Нефтехимик»
(Нижнекамск)
09.25 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар Лигасының
журналы
09.55 ФУТБОЛ. FIFA QA-
TAR 2022. Әлем
Чемпионаты.
Тунис – Франция
12.00 «Сыр саңлағы». Дәулет
Ниязбеков. Деректі
фильм
12.30 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық
Лига. (Ерлер) 3 тур.
«Павлодар» – «Атырау»
14.30 ФУТБОЛ. FIFA QA-
TAR 2022. Әлем
Чемпионатының барлық
голдары (плей-офф)
15.15 БАСКЕТБОЛ. Лига
ВТБ ЦСКА (Москва) –
«Астана»
17.15 «THE RING».
7 бағдарлама
17.40 ФУТБОЛ. FIFA QA-
TAR 2022. Әлем
Чемпионаты. Сауд
Арабиясы – Мексика
19.45 «С VOLLEY К ПОБЕДЕ».
3 сезон. 8 выпуск
20.10 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа
мен Конференция
Лигасының журналы
21.00 ММА «ОCTAGON 35»
00.50 «АЛАМАН».
9 бағдарлама
01.20 Өнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық /
«Еркетай»
7.40 «Көңілді құндыз»
Мультхикая.
8.05 Анимация. Отандық /
«Күлкі іздеген Күнекей»

8.30 «Көңілді жексенбі»
отбасылық бағдарлама
8.50 Анимация. Отандық /
«Қобыланды батыр»
9.05 «Ойыншық сақшылар»
Мультхикая.
9.15 «Дарын мен Айзере»
ситком
9.30 Анимация. Отандық /
«Алан мен Қозықа»
10.00 Жаңа маусым!
Анимация. Отандық /
«Дүлдүл»
10.05 «Супер әке» Мультхикая.
10.35 Анимация. Отандық /
«Кемпіркөсақ»
10.45 Анимация. Отандық /
«Су астындағы оқиға»
11.20 «Мумилер өлкесі»
Мультхикая.
11.45 Анимация. Отандық /
«Экосарбаздар»
11.55 «Анаммен бірге/
әкеммен бірге» ойын-
сауықтық бағдарлама.
12.00 Анимация. Отандық /
«Тоқты мен серке»
12.15 Анимация. Отандық /
«Бала Бекзат»
12.35 Анимация. Отандық /
«Қалалар мен балалар»
12.50 «Винкстер клубы»
Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық /
«Менің елім»
13.25 Анимация. Отандық /
«Күлкі іздеген Күнекей»
13.45 Анимация. Отандық /
«Суперкөлік Самұрық»
14.15 Анимация. Отандық /
«Кемпіркөсақ»
14.30 Анимация. Отандық /
«Қалалар мен балалар»
14.40 «Күн сәулелі көжектер»
Мультхикая.
15.00 Анимация. Отандық /
«Қобыланды батыр»
15.15 Анимация. Отандық /
«Сәби»
15.30 «Көңілді құндыз»
Мультхикая.
15.55 «Супер әке» Мультхикая.
16.25 «А4» ситком.
16.55 Анимация. Отандық /
«Бөпе»
17.05 Жаңа маусым!
Анимация. Отандық /
«Дүлдүл»
17.10 Анимация. Отандық /
«Жібек»
17.20 Анимация. Отандық /
«Су астындағы оқиға»
17.50 «Дарын мен
Айзере» ситком.
18.05 «Анаммен бірге/
әкеммен бірге» ойын-
сауықтық бағдарлама.
18.15 «Ойыншық сақшылар»
Мультхикая.
18.30 Анимация. Отандық /
«Алан мен Қозықа»
19.00 Анимация. Отандық /
«Еркетай»
19.30 Тұсаукесер! «Этикет
әлемі» танымдық
бағдарлама
19.45 Анимация. Отандық /
«Күлкі іздеген Күнекей»
20.05 «А4»
ситком.
20.35 Анимация.
Отандық /
«Тоқты мен серке»

20.45 Анимация.
Отандық /
«Суперкөлік Самұрық»
21.15 «Көңілді жексенбі»
отбасылық бағдарлама
21.35 «Винкстер клубы»
Мультхикая.
22.00 Жаңа маусым!
«Әжемнің ертегісі»
кешкі ертегі.
22.15 Анимация
Отандық /
«Менің елім»
22.30 «Мумилер өлкесі»
Мультхикая.
22.55 «Теңбіл доп»
телехикая.
23.35 «Қырық төрт мысық»
Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран

ASTANATV

07.00 «Маша и медведь»
Мультфильм
09.10 «Ессіз махаббат»
түрік телехикаясы
10.00 «Жетім жүрек 2»
үнді телехикаясы
12.00 «Алдараспан»
15.40 «Құлпаштың хикаялары»
телесериал
18.20 «Родной ребенок»
Худ. фильм
21.00 «Ессіз махаббат»
түрік телехикаясы
21.55 «Жетім жүрек 2»
үнді телехикаясы
23.45 «Каникулы Offline 2»
Худ. фильм
02.00 «Көру керек!»
бағдарламасы

TALIM TV TALIMTV

07.00 Views
08.10 Өнер қырандары
09.00 Айтыс. Алтын қор
09.30 Саморазвитие
с Маржан-коуч
09.55 Саулықтың сыры
10.10 «Баланы бала
демеңіз» –
Балалар уақыты
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 Рухани байлық
11.30 Кестелі орамал
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Қазақ спортының
классикасы
13.10 Саулықтың сыры
13.30 Автопортрет
14.10 Тәтті time
14.50 Ұлт саулығы
15.00 Talim Speakers
15.40 ТамашаLike
17.00 Саулықтың сыры
17.10 Шымкентский вариант –
Таласфильм
17.40 Бақытты отбасы
18.00 Қышқыл мысқыл
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет» –
Терме
18.50 Денсаулық сыры
19.00 7 келін – телехикая,
1–7 серия
22.30 Пруст сауалнамасы
22.55 Views



«КҮЙ-КЕРУЕН». Концерт.
«Қазақстан» арнасы. Сағат 07.50-де.



ПАЙЫМ

ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ТОСЫНСЫЙ

Қоян жылы белсенді өмір салтын ұстануға және дұрыс тамақтануды қолға алуға өте қолайлы

МАХАББАТ БАҒДАРЫ:

кімде-кім әлі өзінің өмірлік серігін кездестірімеген болса, Қоян жылы маңдайына жазылған жанды жолықтыруы әбден мүмкін. Көп адамда 2023 жыл «Әкелер мен балалар» деген белгімен өтеді, яғни ата-ананың балаларына деген көзқарасы, ата-ана ретіндегі өмірлік ұстанымдары өзгереді. Отбасылық жұптар бір-бірінің қалауына көбірек назар аударуы керек. Бірін-бірі қолдап, қандай жағдайда да махаббаттарына берік болған отбасыларға жыл тұрақтылық әкеледі.

ДЕНСАУЛЫҚ БАҒДАРЫ:

астрологтар бұл жылы қандай да бір ауру жиі мазалай берсе, дер кезінде денсаулыққа көңіл бөлуге кеңес береді. Өйткені, созылмалы ауруды алдын алу үшін ертерек қамданған жөн. Эмоциялық демалысқа, ментальды денсаулыққа назар аударған дұрыс. 2023 жыл белсенді өмір салтын ұстануға, дұрыс тамақтануды қолға алуға өте қолайлы. Дәрігердің қадағалауымен дәрумендер ішіп, иммунитетіңізді күшейтіңіз, үнемі қозғалыста болыңыз. Денсаулыққа қыптылықпен, жауапкершілікпен қараған абзал.

ІСКЕРЛІК ПЕН КӘСІП БАҒДАРЫ:

Қ о я н жылы көңіл қалайтын істің көзін табуға, сүйікті іспен айналысуға сәтті жыл. Бәлкім, біреулер өзінің шығармашылығы мен хоббиі арқылы табыс тапқысы келетін болар, мұндайда қорқынышты артта қалдырып, тәуекел ету керек. Жаңа істің іргетасын қалаған адамның жолы болады. 2023 жылы қаржы тұрақсыздау болуы ықтимал, сондықтан ақшаға деген қарым-қатынасыңызды қайта қарап, ақша жинауға дағдыланған жөн.

ЖҰЛДЫЗНАМА НЕ ДЕЙДІ?

2023 жыл өте маңызды кезең болады

ТОҚТЫ

(21 наурыз – 20 сәуір)

Қаржы. Бұл салада өзіңізге деген сенімділік қаржылық мүмкіндіктерді аша түседі, тек дұрыс пайдалану керек. Ақшаны үнемдеңіз, жинаңыз, тиімсіз сауда жасамауға тырысыңыз.

Махаббат. 2023 жыл албырт сезім мен құмарлыққа толы болады. Көптеген адамдар ессіз махаббатты басынан өткеріп, алдамшы сезімдерге де бой алдыруы мүмкін, ұстамды болуға тырысыңыз. Отбасылық жұптарға Тоқтыға тән өткірлікті көрсетіп, қарым қатынастың жаңа деңгейіне өтуі тиіс.

ТОРПАҚ

(21 сәуір – 21 мамыр)

Қаржы. Жұлдыздар сізге ақша табудың өзіңізге қызықты жаңа тәсілдерін іздеуге кеңес береді: хоббиіңізді, шығармашылығыңызды монетизациялаңыз немесе бизнес айналымын арттырыңыз. 2023 жыл жаңа бастамалар үшін өте сәтті болады. Өмір сізге біраз мүмкіндік береді, бірақ сіз қаржылық әл-ауқатыңызды түзеу үшін жұмыс істеуге, ойыңызды өзгертуге және қаржыны жинауға дайын болуыңыз керек.

Махаббат. Торпақтар жұмыстың көптігінен, жоғары жауапкершілікке байланысты махаббат туралы ойлағысы келмейді. Алайда, жұлдыздар еңбексүйгіш жандарға шынайы романтиканы уәде етеді. Жақсылап демалып, өзіңізге махаббатты сезінуге мүмкіндік беріңіз.

ЕГІЗДЕР

(22 мамыр – 21 маусым)

Махаббат. Егіздер өте қызық жанның назарын өзіне аудартуы мүмкін. Қарапайым таныстық терең махаббат сезіміне ұласуы ғажап емес. Өзіңіздің бар сүйкімділігіңіз бен тартымдылығыңызды көрсетіңіз, бірақ жауапкершілікті де ұмытпаңыз.

Қаржы. Қоян жылында егіздердің өмірінде өзгерістер көп болады. Жұмыс орны мен қызмет саласында мансабы өседі, қаржылық жағдайы да жақсарады. Егіздердің жаңа романтикалық кездесулері маңызды қарым-қатынасқа айналуы әбден мүмкін. Жалғызбасты адамдар саяхаттарда жан серігін кездестіруі мүмкін, ал қарым-қатынастағылар оларды зандастыруға бел буады. Достық ортада да өзгерістер күтілуде. Ескі достармен қақтығыс қарым-қатынастың бұзылуына әкеледі, бірақ Қоян жылы жаңа достар қосылады. Жұлдыз жорамал егіздерге 2023 жылдың наурыз-сәуір айларында ас қорыту жүйесіне назар аударып, күзде иммундық жүйені қолдауға кеңес береді.

ШАЯН

(22 маусым – 22 шілде)

Махаббат. Қоян жылы шаяндар жалғыздықты жаны қалайды. Зодиак белгісінің жалғыз өкілдері романтикалық салада да, олардың құндылықтарымен бөлісетін іс-



керлік салада да сенімді серіктес болады. Шаяндардың денсаулығында маусымдық суықтан басқа проблемалар болмайды, бірақ жұлдыздар демалу және ойын-сауық үшін ұзақ сапарлардан бас тартуға кеңес береді, өйткені жазатайым оқиғалар болуы мүмкін.

Қаржы. Шаяндар үшін өмірдегі мақсаты мен миссиясын табу басты міндет болады. Әлеуметтік мәртебені көтеру және өмірлік кәсіпті іздеу мүмкіндігін жіберіп алмаңыз. Қаржылық сауаттылыққа ерекше назар аударып, ақшаны қайда жұмсау керек, қай жерде үнемдеу керектігін ескер.

АРЫСТАН

(23 шілде – 23 тамыз)

Махаббат. Арыстандарға қосымша жауапкершілік жүктеліп, олар аздап оны қиынсынуы мүмкін. Эмоциялардың болмауына байланысты зодиак белгісінің көптеген отбасылық өкілдері зерігуі де ықтимал, бірақ олар қоршаған ортаға отбасының бақытты сыртқы келбетін көрсетуге тырысады. Көңілсіздіктердің себебі көбінесе арыстандардың серіктестеріне деген шамадан тыс талаптары, сондай-ақ олардың консервативті және қатал ұстанымдары болып табылады. Жыл соңына қарай Зодиак белгілерінің өкілдері өз позицияларын қайта қарастыра алады, бұл қарым-қатынасқа екінші өмір сыйлауға көмектеседі.

Қаржы. Жаңа тәсілді қажет ететін мүмкіндіктер пайда болады. Біліміңіз бен іскерлігіңізді жақсарту керектігін ойлаңыз – бұл жұмыста күтпеген жерден пайдалы болуы мүмкін.

БИКЕШ

(24 тамыз – 22 қыркүйек)

Махаббат. Зодиак белгісінің жалғыз өкілдері жақын достық ортадағы біреумен

қарым-қатынасты бастауы мүмкін, ондай байыпты қарым-қатынастың болашағы зор. Денсаулықтың нашарлауының себебі қозғалыстың аздығынан болуы мүмкін. Бұған жол бермеу үшін бикештер өмір салтын өзгертуі керек – дұрыс тамақтану, жиі серуендеу және жаман әдеттерден бас тарту.

Қаржы. Бұл белгідегі талапкерлері мен оқушыларына армандаған университетке түсу, жылды жақсы аяқтау және емтихан тапсыру оңайырақ болады. Жұлдыздар бикештерге несие мен қарыз алмауға кеңес береді.

ТАРАЗЫ

(23 қыркүйек – 23 қазан)

Махаббат. Отбасындағы жайлылық таразының өзіне байланысты болады. Зодиак белгісінің ұшқалақ мінез-құлқы, талаптары мен қызғаныштары жылдың ортасында қарым-қатынаста үлкен дағдарыс тудыруы мүмкін. Балалардың проблемалары да бірінші орынға шығады, оларға көп уақыт пен қаражат бөлуге тура келеді.

Қаржы. Қоян жылы таразы несие, сақтандыру немесе мұра мәселелерін болдырмау үшін құжаттарға қол қою кезінде ерекше назар аударуы керек. Таразылар бас жарақатынан сақтаныңыз. Жүйке сарқылуы денсаулықтың нашарлауына әкелуі мүмкін.

САРЫШАЯН

(24 қазан – 22 қараша)

Махаббат. Жалғыз шаяндардың қоян жылындағы жеке өмірі өзгереді. 2023 жылы зодиак белгісінің көптеген өкілдері отбасын құрып, балалы болуы мүмкін. Алайда, күнделікті өмірге енген отбасыларды тағы бір дағдарыс күтіп тұр және некені сақтау үшін тараптар бірдей күш

салуы керек. Қоян жылында шаяндардың денсаулығына қатысты елеулі проблемалар күтілмейді.

Қаржы. Материалдық тұрғыдан алғанда сарышаяндар өз кірістерін көбейтуге мүмкіндік алады.

МЕРГЕНДЕР

(23 қараша – 21 желтоқсан)

Махаббат. Мергендердің жеке өмірі отбасылық және қарым-қатынастағы тұрақтылықпен қуантады. Достық орта да тұрақты болады, ал кейбір күдік жаңа таныстарды өз шеңберіне сақтықпен қабылдауға мәжбүр етеді. Денсаулық та көп қиындық тудырмайды.

Қаржы. Қоян жылындағы зодиак белгісінің материалдық жағдайы да жақсарады – отбасылық бизнестен жақсы табыс табуға болады. Гороскоп әмияндарға, несие карталарына, құжаттар мен қағаздарға ұзақ сапарларда ерекше назар аударуды ұсынады.

ТАУЕШКІ

(22 желтоқсан – 19 қаңтар)

Қаржы. Осы жылы Тауешкілер үй алып, қоныс тойын тойлауы мүмкін. Қолға алған кез келген ісі алға басады.

Махаббат. Тауешкілерде жеке өмірде бәрі жақсы. Зодиак белгілерінің көпшілігінде серіктестік және отбасылық қатынастар 2023 жылы тұрақты болады.

СУҚҰЙҒЫШ

(20 қаңтар – 20 ақпан)

Махаббат. Суқұйғыштарға жұлдыздар махаббат саласында жұлдыздар өздерін алдамауға және қорқыныш пен стереотиптерді тастауға кеңес береді. 2023 жылы жалғыз Суқұйғыштар өздерінің еркіндікке деген сүйіспеншілігін түсінетін және қабылдайтын жан серігін кезіктіреді.

Қаржы. Үнемдеңіз және үнемдеуге тырысыңыз, қаржы есебін жасаңыз. Тұрғын үй жағдайын жақсартуға мүмкіндік бар. Жұмыста сізге басшылардың мұқият назары болуы мүмкін.

БАЛЫҚТАР

(21 ақпан – 20 наурыз)

Махаббат. Қарым-қатынастағы балықтар өздері қалаған шындықтан қателесуі мүмкін. Жұлдыздар сізге өте қолайлы болып көрінетін адамды тандауға кеңес бермейді, жақын адамдарға назар аударыңыз. Әлдеқашан аяқталған қарым-қатынастан бас тартыңыз және айналыңызға қараңыз, сіздің тағдырыңыз жаныңызда жүрген жанға байланысты болуы мүмкін.

Қаржы. Болашақ мақсаттың жоспарлары сізге түсінікті болады, олар сіз ойлағаннан да шынайы және қарапайым болуы мүмкін. Қаржыдан қысылмайсыз.

Әзірлеген
Айнұр СЕНБАЕВА.



САУАЛНАМА

БЕРЕКЕЛІ, МЕРЕКЕЛІ ЖЫЛ БОЛСЫН!



Асылы ОСМАН,
қоғам қайраткері,
Алматы қаласының Құрметті азаматы:

«Сыйдың жақсысы – елеу»

Мен үшін биылғы жыл ерекше есте қалатындай болып өтті. Шүкіршілік деймін, барлығына көңілім толады-ау, тек қаңтар оқиғасы ғана менің жанымды ауыртып, жүрегімді сыздатады. Жалпы, мен үшін әрбір жер басып жүрген жылдарым жырларым сияқты дер едім. Өткен жылы менің жеке өз басымда жаңалық та, жақсылық та көп болды. Оңтүстіктің қызы болсам да, қазақтың байтақ даласының төрт бұрышы да мен үшін ыстық, менің Отаным ғой. Сондықтан біраз ел аралап, жақсы адамдармен кездестім. Қайда барсам да қазағым кең құшағын ашып, мені бауырларына басып жатқаны. Осындайда көңілім кең сарайдай ашылып, төбем көкке бір елі тимей жатады.

Мен сонау хан жайлаған Қаратаудың етегінде ержетіп, би билеген Алатаудың етегінде өстім. Осынау жылдарым текке кеткен жоқ. Ұлтыма қызмет еттім. Еліме еңбегім сінді. Бір кездері мені қазақтың қызы десе, енді Алаштың Асылы деп әспеттеп жатыр. Өткен жылы Алматы қаласының Құрметті азаматы атандым. Қазақ «Сыйдың жақсысы – елеу, шөптің жақсысы – селеу» дейді. Осынау құрметті алған күнгі халықтың ерекше қуанғанын есіме алсам, әлі күнге елжіреп кетемін. Осынау құрметтің барлығы қазақтың тілінің қасиеті дер едім. Қазағым барда, мен бармын! Келген жылымыз жайлы да, майлы жыл болсын!



Аягул МИРАЗОВА,
Қазақстанның Еңбек Ері:

Бір-бірімізді
қуанып жүрейік!

Ең алдымен барша адамзатқа жақсылықты тілеймін! Өткен жыл оңай болған жоқ. Әрбір отбасында қуанышпен қатар, қайғы да орын алып жатты. Қалай дегенде оңай болған жоқ. Енді елімізге келіп жатқан жаңа жылымыздан тек жақсылық күтейік. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын деп тілейік! Әрбір отбасында қуаныш болсын! Бір-бірімізді қуанып жүрейік! Жалпы, өткен жылы қуанышты, есте қаларлық оқиғалар да көп болды. Өзім ұзақ уақыт басшы болған Ы.Алтынсарин атындағы №159 мектепте менің атымдағы олимпиада өтті. Енді дәстүрге айналдырып, жыл сайын өткіземіз деп отыр. Бұл құрмет менің ел алдындағы жауапкершілігімді арттыра түсті. Келген жыл білім саласын жаңашыл жаңалықпен толтырып, ұстаздарымыздың мәртебесін арттыра түссін деймін!

Адам өмірінде әрбір жылдың орны ерекше, әрбір сәттің құны қымбат. Сынаптай сырғанап бір жыл да өте шықты. Өткен жылға өкпе жоқ, келер жылдан үміт көп. Өткен Барыс жылы өзіндік ерекшеліктерімен есте қалды. Дегенмен, биылғы жылдан үміт көп. Осы орайда келер жылдан не күтетінін танымал қазақ зиялыларынан, қоғам қайраткерлерінен сұрап көрген едік.



Мұрат ҚҰСАЙЫНОВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
«Дос-Мұқасан» ансамблінің көркемдік жетекшісі:

«Дос-Мұқасанның» аллеясын
ашқалы жатыр

Барыс жылы біздің «Дос-Мұқасан» ансамблі үшін тарихи оқиғаға толы болды. Біздің ансамбльдің құрылғанына 55 жыл толды. Өздеріңіз де білесіздер, «Дос-Мұқасан» деген кино шықты. Осы фильмде біздің әділетсіздікпен, еркіндік үшін саяси жүйемен

қалай күрескеніміз көрсетілді. Жалпы, фильмді жұртшылық жылы қабылдап жатыр. Әрине, үлкен мерейтой болған соң оны ерекше атап өттік. Астанада өнер көрсеттік. Теміртаудағы көншілерге барып концерт қойдық. Қостанайда егін бітік шыққан екен, рекордты жылға арнап концерт қойып қайттық.

Сонымен қатар, қалалық мұражайда «Дос-Мұқасанға» арналған бөлім ашылды. Қалалық әкімшіліктің шешімімен Сәтбаев пен Масаншы көшелерінің қиылысынан «Дос-Мұқасанның» аллеясын ашқалы жатыр. Қазір күн суып кеткендіктен, күрделі жұмыстарға көктем шыға кірісеміз деп отыр. Бұл бір жастарымыздың бас қосатын жақсы орны болғалы тұр. Әрі жастарымызға да жақсы үлгі болар еді. Өйткені, бұл өнердің қайнар бұлағы іспетті «политехтың» маңайы ғой. Дәл сол жерде субұрқақ та болатын сынайлы.

Жуырда ғана қала әкімінің қолдауымен 17 желтоқсан күні Республика сарайында үлкен концертіміз өтті. Концертке «Дос-Мұқасанның» қазіргі құрамы ғана емес, бұрынғы мүшелері де қатысып, өнер көрсетті. Біздің ансамбльдің репертуарындағы әндерді орындап жүрген жастарды да шақырдық. Өте бір тамаша думанды кеш болды. Өнердің тойы болды. Көрермен де, біз де риза болдық. Жаңа жыл жылылығымен келсін деймін. Қар қалың жауды. Біраз уақыттан бері мұндай қалың қарды көрмеппіз едік. Қар болса, егін болады. Тоқшылық бар жерде, ән де шырқалады.

Өткен жылы елордамызда 25 қазан күні «Тәуелсіз елім» атты үлкен жеке концертімді қойдым. Осы концертті Түркиядағы көрермендеріме де ұсындым. Тәуелсіздікке тарту ретінде Алматы қаласында 16 желтоқсан күні жеке концертім өтті. Жалпы, жыл бойы гастрольдік сапарларым өте көп болды. Қызылжар, Өскеменде, барлық өңірді жеке концерттік бағдарламамен аралап шықтым. Екі мәрте өнер сапарымен Ресейде болдым. Жаңа жыл қарсаңында Қырғызстанда жеке концерт өткіздім. Балалар жылына арнап «Ғажайып шексіздік» атты бейнебаян түсіріп, тыңдармандарыма арналған 3 эн-альбомын шығардым.

Тегінде менің бір күнім, бір сәтім бос өтпейді. Тынымсыз ізденісте жүретін адаммын. Өнер академиясының профессорымын, қазір ұстаз ретінде шәкірттеріме өнердің қыры мен сырын үйретіп жатқан жайым бар. Жаңажылдық барлық бағдарламаларға шақырылдым. «Ардагерлер үйінде» болып, қарияларымызға мерекелік көңіл күй сыйлап қайттым. Мен 50 жылға жуық сахнада жүрген әншімін. Көрермен бізден әні мен сөзі үйлескен сапалы әндер күтеді. Сондықтан сол талғамға сай болу үшін ерінбей еңбек етіп, тер төгумен келемін. Жаңа жылда жаңа бағдарлама әзірлеуді бастап кеттім. Сәтін салса, көктем шыға біраз сапарларды жоспарлап отырмын.



Сәуле ЖАНПЕЙІСОВА,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

«Басы қатты болса,
аяғы тәтті болады»

Қазақта «Басы қатты болса, аяғы тәтті болады» деген сөз бар ғой. Сол сөз өткен 2022 жылға қаратып айтылғандай көрінеді. Жылдың басындағы қаңтар қырғыны бәрімізді, әсіресе алматылықтарды қатты састырды. Еректердің кешқұрым беймезгіл уақытта жиналып жатқанын естіп, бір пәленің боларын сездім. Барғым-ақ келді. «Айналайындар-ау, қандай іс бастасаңдар да таң атқан соң бастағандарың дұрыс болады, кешкілік апақ-сапақта жау шапқандай қылмаңдар» дегім келді. Бірақ қатты ауырып, басымды көтере алмадым. Сосын, «әйелді кім тыңдасын, еркектер өзі шешсін» деп бармадым. Бірақ іштерінде бір бас көтерер серкесінің жоғынан шошынған едім. Енді қаншама боздақтың өтеуін кімнен сұраймыз?

Өткен жылды Президентіміз «Балалар жылы» деп атады. Өте дұрыс бастама болды. Бірақ сол Балалар жылында біз балаға не жасадық? Былтырғы жылы тағы да Президентіміздің бастамасымен «Арт спорт» дейтін бағдарлама шықты. Бұл бағдарламада балалардың өнер мен спорт үйірмелеріне тегін қатысу мүмкіншіліктері қарастырылған. Тағы да осы бағдарлама аясында бір жүйеге түсе алмай, әртүрлі әңгіме, айқай-сүреңге жол бердік. Неге? Тіпті, кейбіреулер өмірде жоқ балаларды жазып алып, ақша жасағысы келген. Десе де, осы бағдарламаның арқасында қаншама балаға қазақтың қасиетті домбырасын үйретіп, жүректеріне ізгіліктің нұрын септік. Мұндай тамаша бағдарламаның ары қарай жай-күйі қандай болмақ, әлі білмейміз.

Сөзімнің басында айтып өткенімдей, жылдың басы қатты болғанымен, аяғы тәтті болды. Желтоқсан айында Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының Халық әні кафедрасының құрылғанына 35 жыл толуына орай осы жылдар аралығында менің класымнан бітірген барлық шәкірттерімді қара шаңыраққа шақырып, «Менің сәйгүліктерім!..» атты кеш өткіздім. Еліміздің түкпір-түкпірінде халықтың сүйіспеншілігіне бөленіп жүрген шәкірттерім бірі қалмай келіп, мәртебемді өсіріп кетті. Кафедрамыздың 35 жылдығына орай Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, концерттер мен шеберлік сабақтарын өткіздік. Жыл соңында өзімнің жетекшілігімдегі «Аманат» деп аталатын өнер мектебіміздің есепті концертін өткіздік. Күні кеше ғана көптеген шәкірттерім «Әр бала – дара бала» атты Халықаралық конкурста топ жарып, жүлделі орындарға ие болды. Сайыстың ұйымдастырушылары орталығымызды «Ең үздік мектеп» деп танып, домбыра сыйлады. Біз үшін бұл да қуаныш! Қуанышты сәттеріміз көп болсын! Жаңа 2023 жылымыз құтты болсын! Әлемде тыныштық, береке-бірлік болсын! Әр отбасына қуаныш пен бақыт тілеймін!



Сауалнаманы дайындаған
Рая ЕСКЕНДІР.



ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА! ●

**«Almaty
aqshamy»
газетіне
2023 жылға
жазылу жүріп
жатыр!**

«ALMATY AQSHAMY»

— алматылықтардың да,
еліміздің барлық дерлік
өңірлеріндегі оқырман-
дарымыздың да асыға күте-
тін, сүйіп оқитын басылымы!
Қазақ сөз өнері мен жур-
налистикасының дәстүрлі
мектебі!

«ALMATY AQSHAMY»

жарияланымдары
мектептерде, колледждер мен
университеттерде оқылады,
әлеуметтік желілерде
зерделеніп,
талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты
бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен
«Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY»**ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:****65503 (жеке жазылушылар үшін)**

1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1647,30 теңге //
6 айға – 3294,60 теңге, 11 айға – 6605,50 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)

1 айға – 1 369,10 теңге // 3 айға – 4107,30 теңге //
6 айға – 8214,60 теңге, 11 айға – 17825,50 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1407,30 теңге //
6 айға – 2814,60 теңге, 11 айға – 4845,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруа-
шылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас редактордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@
vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alata Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 18 663**

**Кезекші редактор –
Олжас ЖОЛДЫБАЙ**

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№KZ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.**

● КЕРЕК ДЕРЕК



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты
жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ!

«Қазтелерадио» АҚ-ға:

• заң жұмысы бөлімінің басшысы;
• бөлім басшысы;
• телерадио хабарларын тарату
инженері керек.
Тел.: 8 (727) 244-45-00.

«Бал Сапар» ЖШС-не:

• балалар психологі керек.
Тел.: 8 747 448 01 25,
8 707 677 38 22.

«BIZNES-ACADEMY» ЖШС-не:

• балабақша меңгерушісі керек.
Тел.: 8 701 400 97 93.

**№196 жалпы білім беретін мек-
тепке:**

• бухгалтер керек.
Тел.: 8 708 972 83 43.

**«ЦПК коллекторлық агенттігі»
ЖШС-не:**

• call-орталық операторы қажет.
Тел.: 8 707 171 00 03.

«Эйр Астана» АҚ-ға:

• бас бухгалтер керек.
Тел.: 8 (727) 258-41-35.

«Карина Рарег» ЖШС-не:

• технологиялық қондырғыларды
жөндейтін слесарь;
• мерчендайзер керек.
Тел.: 8 (727) 384-17-18,
8 707 720 58 15.

Алмалы ауданының Алғашқы
медициналық-санитарлық көмек
орталығына:

• дәрігер-кардиолог керек.
Тел.: 8 (727) 379-69-77.

«Силк прогресс» ЖШС-не:

• тәрбиеші керек.
Тел.: 8 707 797 10 40,
8 776 829 75 94.

**«Алматыжылужайнерго»
ЖШС-не:**

• қазандық жабдығы бойынша
машинист-тексеруші;
• заң кеңесшісі;
• химиялық су тазарту аппарат-
шысы;
• жылу желілерінің операторы
керек.
Тел.: 8 (727) 292-48-68.

**«Магистр» жеке мектеп-кол-
леджіне:**

• орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі
керек.
Тел.: 8 (727) 394-48-15,
8 777 228 12 19.

**«Бөбек» Ұлттық ғылыми-прак-
тикалық, білім беру және сауықты-
ру орталығына:**

• заң кеңесшісі керек.
Тел.: 8 (727) 247-25-19.

«April Group» ЖШС-не:

• азық-түлік сатушысы керек.
Тел.: 8 777 677 29 42.

**С.Д.Асфендияров атындағы
Қазақ ұлттық медицина универси-
тетіне:**

• кафедра меңгерушісі керек.
Тел.: 8 (727) 338-70-58.

**М.Лермонтов атындағы Мемле-
кеттік академиялық орыс драма
театрына:**

• офис-менеджер керек.
Тел.: 8 (727) 357-27-50.

«Farm Alliance» ЖШС-не:

• сату жөніндегі менеджер керек.
Тел.: 8 777 365 87 20.

**№180 жалпы білім беретін мек-
тепке:**

• әлеуметтік жұмыс жөніндегі
маман керек.
Тел.: 8 (727) 338-39-07,
8 747 863 12 20.

№79 гимназияға:

• бас бухгалтердің орынбасары
керек.
Тел.: 8 (727) 375-99-47,
8 707 891 52 85.

**№106 бөбекжай-балабақшасы-
на:**

• логопед-дефектолог керек.
Тел.: 8 (727) 225-14-81,
8 701 576 02 13.

**«Голубой парус» білім беру ме-
кемесіне:**

• бастауыш сынып мұғалімі керек.
Тел.: 8 (727) 271-32-12.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

● ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

**«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы
қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау,
Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан,
Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Пав-
лодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына
тарайды.**

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін
десеңіз;*

* *бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін
десеңіз*

**«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!**

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып,
қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала
аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**ЕГЕР:**

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау
ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіп-
керлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік
және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы
хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласы-
ңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат
9.00-ден 18.00-ге дейін

**«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.**

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің ұжымы универси-
теттің «Мобилизациялық жұмыс және брондау» секторының жоғары
дәрежелі маманы

Роза Тоқтарбекқызы ТАСБОЛАТОВАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына қайғысына ортақта-
сып, көңіл айтады.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

СОҒЫМ ШҮЙГІН БОЛСЫН!

Қазақтың сағынып тосатын соғым маусымы белең алды

Дастарханын қазы-қарта мен жал-жаяға толтырып, қонақ шақырмаса көңілі көншімейтін қазақ үшін соғым сою – бірліктің басы, ал соғымның еті – берекенің асы. Ықылым заманнан бері қазақ адал ниеті мен сүйкімді етінің арқасында алыс-жақынмен ынтымағы жарасып келе жатқан ел. «Таспен ұрғанды аспен ұр» деген мақалы осы кеңпейілділігінің көрінісі емес пе? Міне, мейірім мен молшылықтың бастауы – қонақ шақырып, ет сүрлеп, қазы айналдыратын уақыт осы кез.

Қолданыстағы күнтізбе (григорианша) бойынша ескісін шығарып салып, «жаңасын» қарсы алдық. Дегенмен, әлі Барыс жылы біткен жоқ. Бұл – табиғаттың заңы. Табиғаттың күнтізбесі алдағы наурыз айының 22-сі күні өзгереді. Қазақ халқы, тағы да басқа әлемнің 40-қа тарта мемлекеті Жаңа жылды 22 наурызда тойлап келеді.

Дегенмен, Қоян жылына қатысты бірер сөз айта кетуді жөн көрдік. Тарих парақтары қазақтың басына қара күн орнатқан «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» қасіретінің 1723 жылғы Қоян жылымен тұстас келгенін айтады. Одан кейінгі 1867-1868 жылғы «жалпақ қоян», 1879-1880 жылғы «ұлы қоян», 1891-1892 жылғы «кіші қоян» деген атпен тарихта қалған кезеңдер де ел есінде. Жұт жылдары жеке рулар, ауылдар немесе тұтас бір отбасы малынан айырылып, таяқ ұстап қалған кездер болған...

Алайда, келе жатқан Қоян «көкше қоян»



деп сипатталады. Бұл да оңай емес көрінеді. Мұны «көкше Қоян кіргенде көл суалған, мал желіні сүт бермей ол суалған» деген халық жырынан аңғаруға болады. Жалпы, қоянның он екі түрі бар екен, олар он екі түрлі болып келетін көрінеді. Келе жатқан көкше Қоян жылы осыдан 144 жыл бұрын болыпты. Қоян жыл сахнасына шыққан кезде ол туралы кеңінен айтатын боламыз.

Сонымен, амалы көп қаңтар (дәлу) айы басталды. Осы айдағы амалдардың реті мы-

надай: «қырықаяқ», «қара суық», «қылау», «қызыл соғып тұр», «қызылдаттып тұр», «қыс шілдесі» («сары аяз»), «тоқырау». Бірінен кейін бірі жалғасып, қаңтардың 25-іне дейін ұласады.

«Қаңтар тумай қарға жарымайсың» деген ғой дана халқымыз. Алматыда 31 желтоқсанда сағат 21.00-ден бастап, 1 қаңтарда таңғы 6-ға дейін қар жауды. Қалыңдығы 15–20 см-ге жетті. Қар тазалауға 512 бірлік арнайы техника мен 1280 жол жұмысшысы жұмылдырылды (Zakon.kz). 174 құм таратқыштың күшімен жолдарға көктайғаққа қарсы материалдар себілді. Тротуарларды, жалпы пайдалану орындарын, қоғамдық көлік аялдамаларын, жерүсті және жерасты өткелдерін тазалау жұмыстары жүргізілді.


Қолданыстағы күнтізбе бойынша, бүгін қаңтардың – 5-і, ай жүйесімен 16-сы, қазақы есепке жүгінсек, 9 күннен кейін жаңа ай басталады. Апта айдың басы мен ортасына сәйкес келіп тұр. Демек, бұл көрініс алдағы аптада (5–12 қаңтар аралығында) Алматыда жылылық сақталатынын аңғартса керек. Айдың ортасы болғандықтан қар жаууы да ықтимал...

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

ҚАҢТАРДА:

- Күн құлақтанып шықса, боранды аяз болады.
- Күн құлақтанып батса, ауа райы жылынуға тиіс.
- «Қаңтарда күн қарға адым, ақпанда атан адым ұзарады» (тәмсіл).
- Қазір ай таңға ұласады, сондықтан терезе пердесін қымтап, ай жарығынан сақтанған жөн.

СӨЗЖҰМБАҚ



ТІГІНЕН: 1. Құпия кілт. 2. Жеку, ұрсу. 3. Үш тағанды ошақ. 4. Музыкалық үн. 5. Музыкалық аспап. 6. Асқабақ. 7. Үстел. 10. Шертпелі аспап. 12. Рәсуа. 14. Фильм. 15. Өнші. 17. Құс. 18. 2023 жыл. 20. Халық әні. 21. Қазақы ем. 23. Голливуд актрисасы. 24. Ажал. 28. Заттың қысқарып көрінуі. 29. Жарты ғасыр. 31. Үйректің «әні». 32. Балық. 34. Жеміс. 35. Роман. 36. Сөз зергері. 38. Сағат тілі. 40. Қар. 42. Шокпыт киім. 43. Зейін.

КӨЛДЕНЕЦІНЕН: 4. Бидай. 8. Қытай аты. 9. Ерекше. 11. Бүк. 13. Сауда нүктесі. 14. Оттық. 16. Құштар. 19. Ежелгі тайпа. 22. Жылқы. 24. Жасыл желек. 25. Артық. 26. Көлік. 27. Әдемі көлік. 30. Ақшалы жер. 33. Қалалықтардың көбеюі. 37. Көкөніс өсімдік. 39. Шамшыл. 41. Ру. 44. Иманғалидың атасы.

Құрастырған Нұр ЖАМАЛ.

ҚЫЗЫҚ ЕКЕН!

Арамызда Ахметовтер көп екен

немесе ең жиі кездесетін фамилиялар туралы



Ұлттық статистика бюросы таратқан мәліметке сүйенсек, Қазақстанда ең көп тараған фамилия Ахметов(а) екен. Осы текпен бүгінде арамызда 66 091 адам жүрген көрінеді.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Танымал фамилиялар рейтингінің екінші қатарында 45 193 адам иеленген Серік тегі тұр.

Үшінші орында – Омаров(а). Бұл фамилиямен елімізде 40 322 адам тұрады.

Рейтингтің төртінші орнын Оспанов(а) иеленіпті, олар – 36 142. Ең көп таралған фамилиялардың «бестігін» Әлиев(а) түйіндейді. Мұндай фамилиясы бар 35 387 қазақстандық өмір сүруде.

Одан кейінгі фамилияларды тізер болсақ, Ким – 34 811, Сүлейменов(а) – 29 988, Марат – 28 008, Амангелді – 27 297, Болат – 24 542.